НАЗАР



Жерді пайдалануда заңнан аттамаған абзал 2

КӘСІПКЕРЛІК



«Дамудың» даңғыл жолында... 3

ТАНЫМ

Келіннің ырымы 5

ӨНЕР

Текті сөздің төресі – терме 6

Сыр бойы

90 жыл

№171 (19849)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

12 қараша /СЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

Ведомство басшыларының есебін тыңдады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ведомстволар басшыларының есебін тыңдады. Мемлекет басшысы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовті қабылдап, ведомстволық қызметі мен алдағы жоспарлары туралы ақпаратпен танысты.

Президент білім бағдарламалары мен оқыту деңгейі заман талабына сай келмейтін жоғары оқу орындарының лицензияларын өздігінен қайтарып алу мәселесінде министрлікті қолдады және аталған мәселе бойынша заңнамалық деңгейде тиісті нормативтік-құқықтық база әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар Президент министрлікке 12 жылдық оқу мерзіміне қажетті инфрақұрылымды, бағдарламалар мен жалпы білім жүйесін дайындауға басымдық бере отырып, жүйелі түрде, асықпай көшу керектігі жөнінде тапсырма берді.

Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөнінде есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунова Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан халқына арналған Жолдауындағы берілген тапсырмалардың орындалу барысын баяндады. Президент квазимемлекеттік сектор жұмысының тиімділігі жайындағы талдау нәтижелерімен танысты. Н.Годунова бірқатар өңірдегі, атап айтқанда, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары мен Алматы қаласына, сондай-ақ, жекелеген мемлекеттік органдарға жүргізілген аудит барысы жөнінде мәлімет берді. Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

ҮКІМЕТ

Кәсіпорын тәжірибесі көпке үлгі

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин «Ауыл – Ел бесігі» жобасын жүзеге асыру, сондай-ақ, елорда айналасында «азық-түлік белдеуін» құру аясында Ақмола облысының Целиноград ауданындағы Родина ауылына жұмыс сапарымен барып, онда «Родина» агрофирмасы» ЖШС жұмысымен танысты.

Үкімет басшысы ауыл шаруашылығы техникасы паркін, сүт кешені мен «Родина» агрофирмасының зауытын аралады, сондай-ақ, аттас ауылдың әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын – хоккей кортын, орта мектепті, супермаркет пен жайлы пәтерлерді көрді.

«Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев және Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл мен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелеріне зор көңіл бөліп отыр. Сіздердің агрофирма Қазақстандағы жетекші әрі үлгілік кәсіпорындардың бірі, жинақталған тәжірибені еліміздегі басқа да шаруа қожалықтарына тарату қажет» – деді А.Мамин.

Қазақстан чемпионаты басталды

500 спортшы бақ сынасады

Кеше Қызылордада қазақ күресінен ересектер арасында ел чемпионаты басталды. Дүбірлі додада республиканың 17 аймағынан 500 спортшы бақ сынаспақ. Айтулы шараға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі, ҚР Қазақ күресі федерациясының президенті Дәурен Абаев, облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қатысты.

Дәулет ҚЫРДАН.

Палуандар 16 салмақ дәрежесі бойынша сайысқа түспек. Қатысушылар – әр өңірден іріктеліп алынған сайыпқырандар. Бұл жолғы додада топ жарғандар қазақ күресінен ұлттық құраманың сапына енеді. Қазірдің өзінде қарсыластан талай рет айласын асырып, алты Алашқа аты танылған 2 дүркін Қазақстан барысы, 4 дүркін Әлем чемпионы Айбек Нұғманов, қазақ күресінен Азия чемпионатының қола жүлдегері Айбат Сейтенов, Қазақстан барысы Мұхит Тұрсынов, Азия чемпионы Мақсат Исақабылов қатысуда. Шараның ашылу салтанатында федерация президенті Д.Абаев ұлттық спорттың қазіргі қарқынына тоқталып, сайыскерлерге сәттілік тіледі.

– Қазақ күресі – саналы өмірін белдесумен өткізген батыр бабалардың бізге қалдырған аманаты. Жаугершілік заманда, білектің күші сыналар сәтте ел қорғаған олардың өнері бүгінгі ұлттық спортқа айналды. Қазақстан бойынша мыңдаған азамат қазақ күресімен шұғылданады. Бұл – біздің ұлттық спортқа деген ерекше көзқарасымыздың нәтижесі, – деді Д.Абаев.

Сонымен қатар, облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қазақ күресінің Сыр өңіріндегі дамуына тоқталды.

– Ұлттық спорт тарихы ел тарихымен ұштасып жатады. Қазақта «Палуанға оңсолы бірдей» деген бар. Қазақ күресімен шұғылданушыға құрметті осыдан-ақ айқын аңғаруға болады. Біздің елде бірде-бір мереке ұлттық спортсыз өтпейтінін білесіздер. Қызылорда облысында 5 мыңға тарта спортшы қазақ күресімен айналысады. Енді ерлер ғана емес, әйелдер күресі де қалыптасып келеді. Біздің ұлттық спортымыз – қазақ күресі қазір әлем, Азия деңгейінде өтеді. Бұл – үлкен мақтаныш, – деді Н.Байқадамов.

Айта кетейік, байрақты бәсекеде 40 спортшы облыс намысын қорғамақ. Жарыс 14 қарашаға дейін жалғасады.

Ал жарыстың алғашқы күнінде 90 келіге дейін салмақта Айбол Айтбек (Жамбыл), 100 келіге дейін Мұхит Тұрсынов (СҚО), 100 келіден жоғары салмақта Ғалымжан Қырықбай (Жамбыл) 1 орынды жеңіп алды.

Әлеуметтік карта әлі де жетілдіріледі

Мұнан бұрын хабарлағанымыздай, облысқа арнайы сапармен келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Сырдария ауданында болып, Тереңөзек кентіндегі бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады. Сонымен қатар, Н.Ілиясов ауылында Мәжілістің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің «Отбасының әлеуметтік картасын енгізу барысы» тақырыбында көшпелі отырыс өтті.

Алдымен депутаттар кентте орналасқан жұмыспен қамту орталығында халықпен кездесті. Онда «Е-халық» ақпараттық жүйесі платформасында отбасының әлеуметтік картасын жасау жұмыстарының барысы таныстырылды. Шағын кездесуде Гүлшара Әбдіқалықова бастаған депутаттар сұрағына облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басшысы Талғат Дүйсебаев жауап берді. Келушілер әлеуметтік карта арқылы жекелеген отбасылар жайлы мәліметті анықтау жолдарын көріп, онда жинақталған анықтамалардың шынайылығына талдау жүргізді. Мұнан өзге, отбасы жайлы мәлімет базасының қорғалуы туралы сауал да қойылды. Әлеуметтік картаны әлі де жетілдіру қажеттігін алға тартқан мәжілісмендер өз ұсыныстарын да жеткізді.

Бұдан кейін депутаттар аудан орталығында ашылған әлеуметтік дүкенге барып, кәсіпкерлер тарапынан қолдау тапқан нысан жұмысымен танысты.

– Аптасына екі күн жұмыс істейміз. Мұнда бес түрлі халық тұтынатын тауар – сиыр еті, өсімдік майы, ұн, күріш, қант бар. Аз қамтамасыз етілген әр отбасына төмендетілген бағамен берілетін біздің дүкеннің жұмысына бақылау жасайтын арнайы топ та құрылған. Ал киім-кешектер мұнда тегін таратылады, – дейді дүкен меңгерушісі Мария Сейпулова.

Депутаттар келесі сапарын топтарға бөлініп жалғастырды. Г.Әбдіқалықова, Б.Смағұл, Н.Әлімжанов «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы ғимаратында тұрғындарды жеке өтініштері бойынша қабылдады. Қабылдауға келгендер тарапынан кенттегі А.Иманов пен Н.Ергешбаев көшелерінің қиылысында салынуы жоспарланып отырған көпқабатты тұрғын үй құрылысын қаржыландыру, Шаған ауылының аумағынан өтетін «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының бойынан айналма көпір не өткел салу мәселесі, тұрақты жұмысқа орналасу, «Қызылорда-Тереңөзек-Жалағаш» автожолына жөндеу жұмыстарын жүргізу, т.б. өтініштері тыңдалды. Депутаттар К.Абсатиров, Н.Жұмаділдаева, Ф.Қаратаев олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде болса, Г.Шиповских, З.Аманжолова кейбір әлеуметтік нысандарды аралады. К.Мұсырман, А.Нұркина, Ж.Омарбекова Шаған ауылындағы Келдібаевтар отбасында болды.

Сапар Н.Ілиясов ауылында жалғасып, мәдениет үйінде комитеттің «Отбасының әлеуметтік картасын енгізу барысы» тақырыбында көшпелі отырысы өтті.

2-бет.

КӨКЕЙКЕСТІ

Сатып алған атақ абырой болмайды

Адамзат баласының өзге тіршілік атаулыдан өзгешелігі, жаратқан иесі оны ақылды етіп жаратқан. Сол ақылы арқылы мыңдаған жылдар бойы жақсылыққа, ізгілікке ұмтылып келеді. Дамудың бірнеше формациясынан өтіп, болашақ қоғамның игілігі жолында бір-бірімен қырқысты, мыңдаған жаужүректілер сол үшін өмірін құрбан етті.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ.

XIX ғасырдағы неміс канцлері Бисмарк: «Революцияның теориясын данышпандар жасайды, жаужүректілер жүзеге асырады, ал оның игілігінің жемісін алаяқтар көреді» депті. Осы сөздерге тереңірек үңілсек, Бисмарк осыны, біздіңше, әр дәуірде болған біліккұмарлар мен жылпостарға арнап айтқан секілді.

Көне грек философы Платон батыс саяси философиясының, сондай-ақ біздің көптеген этикалық және метафизикалық таным түсінігіміздің бастау кезінде тұрған тұлға болғандықтан оның ілімі 2300 жылдан бері оқылып, зерттеліп келеді. Сондықтан Платонды адамзат ақыл-ойының атасы деп таниды. Бірақ тану басқа, оны өз игілігіне жарату мүлдем басқа ғой.

Қазақшаны базбір қазақтардан жақсы білетін марқұм Гера ағайдың (жазушы Герольд Белгерьді айтып отырмын) сөздерді тізіп тұрып жанға бататындай, ар-ұятымызды сілкілеп тұрып, сонымен бірге қазақтардың күллі болмысын ашатындай етіп айтқандарын әлі ұмыта қойғаным жоқ. «Мені кейбіреулердің атаққұмарлығы қайран қалдырады. Барлығына атақ, орден, медальдар қажет. Мен өзіне құрметті атақ сұрап, ЦК-ның табалдырығын тоздырғандарды жақсы білемін... Бір кісі бес жыл бойы ықпалды адамдардың атынан бума-бума ұсыныс дайындап, ақыр соңында құрметті атағына жете алмады. Тіпті әкімиятқа жүгіріп, «Астана», «Тың игерудің 50 жылдығы» медалін сұрап жүргендерді де білемін. «Ең болмаса «Мәдениет қайраткері» деген белгіні беріңдерші» деп жалбарынғандарды да көргенмін. Бұл қандай дерт?» – дейді жазушы.

Әлбетте, мемлекеттік марапаттар берудің бұрыннан қалыптасқан өзіндік тәртібі бар. Жоғарыда айтқандай, билік орындарын жағалайтындардың өздерінің арыты білер, бірақ олар тәртіпке бағынулары міндетті.

Ал бізде соңғы жылдары әркімнің өз еркімен құрып алған әртүрлі қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің, кеңестердің, тіпті жеке кәсіпкерлердің марапаттарын қайда қоясыз? Олардың иелерін кім ұсынады? Ұят та болса айтайын, оларды ешкім ұсынбайды. Егер сізге «Құрметті ардагер», «Құрметті профессор немесе академик», белгілі бір тұлғалардың атындағы, пәлен мекеменің, саланың, ауданның, қаланың құрметті қызметкері (әкімдіктің қаулысымен бекітілгеннен басқа) дегендер қажет болса, көзбояу үшін толтырылған анкетамен бірге тиісті ақшаңызды төлесеңіз жетіп жатыр. Мұндай марапаттарды жасату үшін әлгі қоғамдық ұйым монеталық сарайға тиісті ақшасын аударады да сұраушыларға үстеме бағасын қойып сатады. Мұны енді коммерция дейді.

4-бет.

БАСПАСӨЗ – 2020

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2020 жылдың бірінші жартыжылдығына "Сыр медиа" ЖШС қарасты газеттерге жазылу басталды.

"Сыр бойы" газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.

№171 (19849) 12 қараша, сейсенбі 2019 жыл

Әлеуметтік карта әлі де жетілдіріледі

Комитет төрайымы Г.Әбдіқалықованың басқаруымен өткен жиында басты тақырып – әлеуметтік-отбасылық картаны енгізу мен қолдану болды. Электронды картаны пайдаланудың перспективалары, әлеуметтік қызмет пен көмек көрсетудің интеграцияланған моделін дамыту, балалар құқықтарын қорғау, медициналық көмекті ұйымдастыру мәселелері ашық айтылды. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ерлан Әукенов, облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов, «Қазақстанның әлеуметтік жұмыскерлері Ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ләззат Нұрқатова, Мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұл және бірнеше министрлік өкілдері хабарлама жасады.

– Әлеуметтік карта – мемлекеттік органдар ұсынатын автоматтандырылған деректер негізінде отбасының өзекті әлеуметтік жағдайының нақты портретін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыстың біраз алға басқанын байқап отырмыз. Дегенмен, аталған жүйені дамытуды тоқтатпауды, жетілдіруге тиіс тұстары әлі де бар екенін баса айтқым келеді. Осыған байланысты тиісті министрлікке ұсыныс берілді. Әрі бұл айтылған мәселелер алдағы Үкімет сағатында талқыланады, – деді Г.Әбдіқалықова.

Сапар барысында мәжіліс депутаттары Н.Ілиясов және Ширкейлі ауылындағы бірқатар мемлекеттік мекемелер мен білім беру орындарының жұмысымен танысып, жергілікті жұртшылықпен де жүздесті.

***

Сенбі күні ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының сапары Қызылорда қаласындағы сол жағалаудағы жастар орталығында жалғасты. Мұнда олар белсенді жастармен жүздесіп, сауалдарына жауап берді.

Ғимарат алдында сап түзеген «Қызылорда айбындарының» сарбаздары өздерінің ерекше дайындығын көрсетті. Ұрандаса айбынын асырып, жұрттың жігерін жанитын жастардың ынта-ықыласына, әскерде борышын өтеуге талпынысына тәнті болған Мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұл жалынды жыр оқып, жастардың рухын көтерді. «Шұбырынды болсадағы ақтабан, Қазақ елін ешқашан да сатпаған» деп, ұлттың ұлылығына тоқталып өтті.

– Міне, біздің болашақ Отан қорғайтын сарбаздарымыз. Мұндай ұйым Қазақстанның барлық жерінде бар. Бірақ, Қызылорданың сарбаздары ерекше. Кеудесінде Отан деп соққан жүрегі, еліне аппақ тілегі, осындай өрендеріміз өсіп келеді, – деді Б.Смағұл.

Мұнан соң депутаттар орталықты аралап көрді. Сарбаздар қару жинап, өз шеберліктерін танытты. Бұдан бөлек, әдістемелік көмек көрсету кабинеті де жұмыс істеп келеді. Заң тұрғысынан, мемлекеттік бағдарламалар жайынан көп нәрсеге қанықсысы келген жас осында келеді. Сол күні мұнда бірнеше азамат өзекті мәселелерін ортаға салды. Сонымен қатар, орталықта 10 мыңға тарта қоры бар кітапхана жұмыс істейді.

– Біздің кезімізде мұндай мүмкіндік болған жоқ. Қазіргі жастарға барлық жағдай жасалған. IT кітапханаға компьютер де қойылған. Бір кітапты алу үшін сағаттап күтетін едік. Жаңа дәуір жастары, бүгінгі заман – сіздердікі, – деді Мәжіліс депутаты Зәуреш Аманжолова.

Психолог бөлмесі де барлық қажеттілікпен қамтылған. Арт-терапия мен музыкатерапияны қосып, келген жұртшылыққа қызмет көрсететін маман – Жамал Берекетова. Ал медициналық қызмет көрсету бөлмесінде білікті маман Гүлхан Пірімбет жастардың денсаулығына жауапты. Меймандар мұнан соң «Coworking» орталығында болды.

– Бұл жерге өңірдің қайсыбір жас азаматы келсе де, есік ашық. Тәулік бойы жұмыс істейді. Жастар орталығы қоғамның қай саласында болмасын, еңбек етіп жүрген қыз-жігіттердің бас қосып, пікір алмасатын орны, – деді облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақов.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Сыр жастарының белсенділігіне ризашылықтарын білдірді.

Ержан ҚОЖАС,
Дәулет ҚЫРДАН.
«Сыр бойы».

Шағын және орта бизнесті дамыту – күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі. Себебі кәсіпкерлік – нарықтық қоғамның ажырамас бөлігі. Шағын бизнес халықтың әл-ауқатын арттырумен қатар, жаңа жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізеді. Облыс прокуроры Нұрлан Бижанов, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлназарова және кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов Жаңақорған ауданында тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. М.Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінде жұртшылықпен кездесіп, сан сауалға жауап берді.

Кәсіпкерлікке кедергі емес, қолдау керек

Аудан әкімі Сұлтан Мақашов модераторлық еткен жиында алғысөзді облыс прокуроры алды.

– Прокуратура қызметіне халық сеніммен қарағанда ғана іс жүйеленеді. Ол үшін ашықтық пен жариялықты ұстанып, тұрғындармен байланыс орнату маңызды. Құқық қорғау саласы мамандарына кәсіпкерлік нысандарын ретсіз тексеруге қатысты сұрақтар жиі қойылады. Шағын және орта бизнес – дамудың негізгі жолы. Сондықтан кез келген кедергінің алдын алу – міндет. Бүгін жеке қабылдауда сұрақтарыңызға жауап беруге дайынбыз, – деді Н.Бижанов.

Прокурор аудан тұрғындарын толғандырып жүрген мәселелерін ортаға салуға шақырды. Егер кәсіпкерлікті дамытуда әкімшілік кедергілер кездессе, оның шешілу жолын қарастыруға көмектесетінін ашық айтты.

Құқық қорғаушының кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы ойлары құптарлық. Себебі шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдаулар және әкімшілік реттеу жүргізіліп жатқанымен, нәтиже әлі де өз деңгейінде емес. Сауда, қызмет көрсетуден басқа салалардың ықпалы байқалмайды. Өндеу, қайта өңдеу саласы кенже дамуда. Электронды сауда, электронды қаржы айналым деңгейі төмен. Кәсіпкерлік саласын цифрландыру жүйелі емес. Оқыту, бағдарлау жұмыстарынан бөлек, заманға сай бейімдеуді жүргізу керек-ақ.

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлназарова:

– Шағын кәсіпкерлік өркениетті елдердің әлеуетті тірегіне айналды. Сондықтан Үкімет салаға мән беріп, бағдарламалар қабылданды. Соның нәтижесінде жаңа жұмыс орындары ашылып, белсенді кәсіпкерлік субъектілер саны артты. Кәсіпкерлік саласын уақытқа сай дамытуда қағазбастылық азайтылды, яғни кәсіпкерлікке тіркелу, тоқсан немесе квартал сайын есеп беру сияқты процестер электронды түрде жүргізіледі. Ең бастысы, прокуратура, «Nur Otan» партиясы мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлердің мүддесін қорғайтын институтқа айналды, – деді.

2020 жылдан бастап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырғандай, микро және шағын бизнес саласы 3 жылға дейін салық төлеуден босатылады және оларды тексеру жүргізуге мораторий жарияланды. Бұл отандық шағын және орта бизнестің дамуына жасалған нақты қолдау екені анық. Осыған орай бизнесті қолдайтын һәм қорғайтын облыстық прокуратура, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы, облыстық кәсіпкерлер палатасы үшжақты келісім шарт жасады.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

– Жыл басынан бері кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығындағы кеңесшілер 4462 азаматқа 8069 түрлі кеңес беріп, 1810 кәсіпкерге 2136 қызмет көрсетті. «Бастау бизнес» жобасы сәтті жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі күнге дейін Сыр өңірінің 2368 тұрғыны оқып, олар 645 миллион теңгені құрайтын 756 жобаны жүзеге асырды. Мұнан бөлек «Жас кәсіпкер» жобасы іске асырылуда. Бұл жоба бойынша 1100 азамат оқып, 252 миллион теңгені құрайтын 495 жас кәсіпкердің жобасы қаржыландырылды, – деді ол.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев шағын және орта кәсіпорындардың еліміздің жалпы ішкі өніміндегі үлесі небәрі 26 процент екенін, бұл көрсеткішті 2050 жылға қарай 50 процентке көтеру керектігін айтқан болатын. Бүгінде АҚШ пен Жапонияны озық ел десек, олардың мұндай биіктен көрінуіне шағын және орта бизнестің дамуы септігін тигізді. Мәселен, АҚШ-та тіркелген кәсіпорындардың 97%-ті шағын кәсіпкерлік болса, бұл көрсеткіш күншығыс елінде 99%-ті құрайды. Жалпы ішкі өнімнің үлесі қос мемлекетте шамамен 60%-ке жуық. Күншығыс елінде 6,5 миллион кәсіпорын іске қосылса, онда 54 миллион жапондық жұмыспен қамтылған. Бұл елдегі жұмыс күшінің 80 процентін құрайды.

Егер озық отыздыққа еніп, өркениет көшінде еншімізді аламыз десек, шағын және орта бизнес саласын қолдауды, дамытуды бір сәтке де тоқтатуға болмайды. Қазір қолдаудан бөлек, кәсіпкерлікпен айналысуға ниеттілердің белсенділігі маңызды және нарықтық қатынастарды меңгеруі, заманауи талап-міндеттерді игеруі керек.

Мәдениет үйінің фойесінде облыс орталығынан арнайы келген бизнес-тренерлер, сарапшылар мен кеңесшілерге аудан тұрғындары сұрақ қойып, мемлекеттік бағдарламаларға қатысудың, жеңілдіктер мен несие алудың жолдары жөнінде білді.

Лаура БИБАСАРОВА,
журналист.

БРИФИНГ

Жерді пайдалануда заңнан аттамаған абзал

Облыс әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев пен облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы Қайрат Тоғызбаев ҚР Президенті Жолдауынан туындайтын салаға қатысты міндеттер мен алдағы жоспарлар туралы баяндады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

– Жалпы қолданыстағы жер заңнамасында ауыл шаруашылығы жерін қазақстандықтарға жеке меншікке және шетелдіктерге жалға беруге қатысты мораторий жарияланғаны белгілі. Ауыл шаруашылығы жерін шетелдіктерге беруді тоқтату туралы мораторийдің нормаларына қосымша жарғылық капиталында кез келген мөлшерде шетелдік қатысушылары бар бірлескен кәсіпорындарға жерді жалға беруге тыйым салынды. Заң ең алдымен жалға беру институтын сақтау мен әрі қарай жетілдіруге бағытталған. Жердің үлкен көлемде «бір қолға» берілуін болдырмау мақсатында әр облыстың әкімшілік аудандары шегінде ел тұрғындарына алқап түрлері бойынша ең жоғары мөлшер белгіленді. Сондай-ақ, жерді беру мәселесі қоғамдық кеңестермен және үкіметтік емес ұйымдармен келісіледі,– деді Ш.Қойшыбаев.

Сонымен бірге ол жер беру тәртібінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету мақсатында комиссияның отырысы міндетті түрде жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында онлайн трансляцияланып, аудио-бейнежазба жүргізілетінін айтты.

Елбасының цифрландыру тапсырмасына сәйкес егіс алқаптарының электрондық картасы жасалған. Ол үшін ауыл шаруашылығы тауар өндіруші шаруашылықтардың егіс алқаптары ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Qoldau» веб-порталына енгізілген.

Ал облыста жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау мақсатында облыс әкімдігімен бірлесе «Бағдаржол», «Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдаланудың ведомствоаралық әрекеттестігі» іс-шарасы бекітілген. Биылғы 9 айда облыс көлемінде 332 бақылау жүргізілсе, оның 287-сі жоспардан тыс. Барлығы 628,72 гектар жер учаскесі тексеріліп, нәтижесінде 284 заң бұзушылық анықталған. Есепті мерзімде жалға беру шарттарын біржақты бұзу арқылы және түсіндіру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы көлемі 15182 гектарды құрайтын 52 жер учаскесі, сот шешімімен жалпы аумағы 88 гектар болатын бір жер учаскесі мемлекетке қайтарылған.

Жарқын жоба арқылы жаңалық ашу. Бұл – «Astana Hub» халықаралық IT-стартаптар технопаркінің басты мақсаты. Жуырда технопарк командасы «Startup Sapary» бағдарламасымен аймағымызға келді.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

«Astana Hub» тәжірибесімен бөлісті

Облыстық «Жастар ресурстық орталығында» өткен маңызды кездесу 250-ден астам жасты жинап, технопарктің табысты тәжірибесімен танысуына мүмкіндік сыйлады. Сондай-ақ, шараның басы-қасынан облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Нәби Даужанов табылды.

– Сандық технологияға көшу бағытындағы бастамалар қай саланы да жандандырды. Қазір тың мамандықтар сұраныста. IT-маман, мерчендайзер, бета-тестер, SMM-ші мамандар жоғары жалақыға ие. Мобильді қосымшалардың арнайы бағдарламасын жазатын маманды, әлеуметтік желі менеджерін іздеушілер көп. Неміс экономисі Клаус Шваб та төртінші өнеркәсіптік революцияға қатысты еңбегінде мұны бірнеше мысалмен келтірген. Осыны қаперден шығармай, үздіксіз ізденуге күш салу керек. Бүгінгі шара да дамуға қарқын береді деп есептеймін, – деді ол.

Әрі қарай сарапшылар IT-стартапты дамытудағы қажетті дағдылармен бөлісті. PR және маркетинг департаментінің директоры Даниэль Душманов тың идея арқылы табыстың шыңына көтерілу жолын көрсетсе, команда өкілі Насрулла Ахменов стартаптағы басты дүниеге тоқталды. Ол «Бизнесті ең төменгі капиталмен қалай бастауға болады?» деген сауалға өз еңбек тәжірибесі арқылы, екі жағын таразы басына сала отыра жауап берді. Сырдың жас инноваторлары да қызықты ұсыныстарын ортаға салды. Екі күнге жалғасқан шарада қатысушылар бар жігерін білімге арнап, ғылымға ден қойған талантты жастардың еңбегі нәтижесіз қалмайтынына тағы бір көз жеткізді.

Расында, инновациялық экожүйені дамыту аясында ашылған «Astana Hub» технопаркінің дарындыларға берері көп. Ұйымдастырушылардың айтуынша, сапар қорытындысы негізінде де аймақтағы цифрландыру жұмыстары пысықталды.

«Ащыкөлдің» арнасы толды

Қазалы ауданында Жанқожа батыр атындағы қоныс бар. Облыс көлеміндегі тіректі елді мекен санатын иеленген іргелі ауылдың көркі жанынды жадыратады. Түзу асфальт көшелер, еңселі ғимараттар, көшенің түнгі жарығы, әсем саябақ, басқа да әлеуметтік нысандарды көргенде кеуденді мақтаныш кернейді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Ауыл іргесіндегі «Ащыкөл» аталатын шалқар айдын осынау іргелі қоныстың төлқұжаты іспетті. Ресми деректе «Ащыкөл» Жанқожа батыр ауылының солтүстік-шығыс беткейінде орналасқан, жалпы алаңы 125 га құрайды» деп жазылған. «Ащыкөлдің осыншалықты кемеріне келіп, ернеулей толғанын тура 40 жылдан бері көріп тұрғанымыз. Сонау 1969 жылы ауылды топан су қоршағанда дәл осындай көрініс болған еді» деседі көнекөздер.

Арада өткен жылдарда Ащыкөлдің арнасы ортайды. Мүлде құрғап кете жаздаған кезі де болды. Туған өңірінің келбетіне немқұрайлы қарай алмайтын ел азаматтары басшыларға осы мәселе туралы талай хат жазды. Жеке қабылдауына да кіріп мұң шақты. Бірақ селт еткен жан байқалмады. Мүмкін, қаржы қол байлаған да шығар. Тіпті бір басшының «Аралды толтыра алмай жатқанда, айдаладағы тостағандай Ащыкөлді жырлап» деген қыжыртпа жауабын естіді.

Мұндай мазмұндағы өтініш Мұрат Ергешбаев Қазалы ауданына әкім болып келген соң да қозғалды. Көңіл түкпірінде сенімсіздік болғанын бүгін қалмайын. Ергешбаев бұл мәселені назарда ұстайтынын жеткізді. Азамат екен. Сөзінде тұрды. Ащыкөл арнасына қайта толды. Жалғыз аудан әкімінің еңбегі деу артық шығар. Десе де, Мұрат Нәлхожаұлының Ащыкөлдің ахуалын жіті қадағалағанын атап кету ләзім.

Жанқожа батыр ауылы Арықбалық ауылдық округінің аймағында орналасқан. Елді мекеннің шежіресі тереңнен нәр алады. Жанқожа батыр бабамыздың бастауымен Ресей патшасы билеушілерінің озбыр саясатына қарсы шыққан көтерілістің шешуші шайқасы дәл осы Арықбалықта өткені тарихтан белгілі.

Танымал жазушы ағамыз Молдахмет Қаназ құрастырған «Жанқожа Нұрмұхамедұлы» атты зерттеулер мен мақалалардан құралған кітаптың 59-бетінде «1857 жылы қаңтар айының 9-10 күндері Арықбалықта болған ұрыста батыр қолының саны үш мыңнан астам еді. Шайқас кезінде ақ туды Жанқожа батырдың өзі көтеріп тұрды. Осы шайқаста орыстардың сапынан шығын болған кісі онша көп емес. Фитингофтың отрядында 300 казак-орыс, 320 жаяу әскер, 3 зеңбірек, 3 ракета қондырғысы бар еді» деп жазылған.

Осы ғылыми-танымдық басылымдағы М.Қаназ ағамыз келтірген «Алексей Иванович жарылқаушы ма? Жазалаушы ма?» атты мақаласындағы «1857 жылдың 5 қаңтарында зеңбіректердің әр түрінен 103 снаряд, 9 қаңтарда 205 снаряд, осы аралықта көтерілісшілерге әртүрлі оқ-қарудан 3221(!) оқ атылды. Бұл оқтың барлығы далаға емес, қазақтарға атылған. Бейкүнә пақырлардың біразы ұрыс алаңы – Арықбалықта жан тапсырды. Көтерілісшілердің ізіне түскен А.Бутаковтың жазалаушы отряды 9-11 қаңтар аралығында 212 ағаш үйдің шаңырақтарын талқандап, керегелерін қиратты. Солдаттарға тамақ пісіру, жылыну үшін отқа жақты. Осы жолы қазақ шаруаларының 1239 бас малы бекініске айдап әкелінді. Оның сыртында 300 қой солдаттарға азыққа берілді, жол бастап жүрген сұлтандарға сыйға тартылды» деген мәлімет мұңға жетелейді.

«Ресейде 1905 жылғы 9 қаңтардағы оқиғаны «қанды жексенбі» деп әлі күнге дейін ауыздарынан тастамайды. Әрине, қаза адам санымен өлшенбейді. Алайда, Ресейдегі сол оқиғаның салдары Арықбалық шайқасында біздің елдің халқының шеккен азабы, оққа ұшқан, аязда үсіп өлген адам санымен салыстыруға келе ме? Қаңтардың қақаған аязында бар жан сақтар баспанасы – киіз үйлері отқа оранған, босқынға ұшыраған қарапайым халықтың (әсіресе емузілі нәрестелер, балалар, ауру-сырқаулар мен қарттар) қаншасы қырылғанын кім білсін?» дейсің өзегінді өкініш оты шарпып.

Осы ретте Арықбалық округінің тұрғындарын, аудан халқын, жалпақ жұртты селт еткізген жағымды жаңалықты жеткізе кетсек. Аудан әкімі М.Ергешбаевтың Жанқожа батыр кесенесіне барар жолдың оң қапталына «Арықбалық шайқасы» алаңын орналастыру жөніндегі ұсынысын Қазалы ауданы мәслихаты сессиясында мәслихат хатшысы Күнтілес Назымбеков бастаған депутаттар бірауыздан қолдап, мақұлдады. Жобаның құны – 35 млн теңге. Өткен сессияда алғашқы кезекте алаң орналасатын жер учаскесін тегістеу, т.б жұмыстарға 1 млн теңге бөлінді. 2020 жылғы көктемнен бастап құрылыс жұмыстары жүргізіледі. Арықбалық шайқасында шейіт болған бабаларға арналған белгі бойына батырлар туралы деректер бейнеленген барельеф стенасы орнатылып, стелла қойылады. Алаңға толығымен брусчатка төселіп, сыртқы жағы әртүрлі қиыршық тас арқылы ұлттық ою-өрнектермен безендіріледі. Шағын сәулеттік формалар, орындық, қоқыс жәшіктері және түнгі жарықшамдар орнату жұмыстарына эскизге сәйкес жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, қаржы бөлдіру үшін бюджеттік комиссияға ұсынылған болатын.

«Жөнімен біткен іске рақмет айтпау жөнсіздік» дейді ескіден жеткен есті сөзге сай мен де аудан әкіміне, мәслихат депутаттарына ризашылық білдіруді құп көрдім.

Биыл Жанқожа бабамыздың өмірге келгеніне 245 жыл толды. Жуырда жастар аясында жазба ақындар мүшәйрасы өткізіледі деп межеленуде. Ата-бабамызды ұлықтаған арда азаматтарға айтар алғысымыз шексіз.

Қазалы ауданы.

Жыл басынан бері «Даму» қоры арқылы «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде атқарылған тірлік көп. Субсидиялау құралы бойынша 10,058 млрд теңгеге 870 жоба мақұлданса, соның 150-і – биылғы 10 айда қол жеткізген жетістік. Кей кәсіпкерлер ісін алға бастырып, несиемен күш жинап алуға ұмтылғанмен, кепілге қояр мүлкі жоқ. Аталған қор кепілдік беру құралы бойынша барлық кезеңде 6,377 млрд теңгенің 378 жобасын қаржыландырса, оның 85-сі биылғы он айдың еншісінде. Қызылорда қаласында қордың көмегімен мол қаржыға кенелген бірнеше кәсіпкерлік нысанын араладық.

Дәулет ҚЫРДАН.

«Дамудың» даңғыл жолында...

2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша мемлекеттік бағдарлама қабылданғалы бері 793 млн теңгеге 106 кәсіпкер қолдауға ие болса, оның 396 млн теңгені құрайтын 52 жобасы биыл қаржыландырылған. Сондай-ақ, 2019 жылы «Еңбек» бағдарламасы бойынша «Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымына 299 млн теңге бөлінді, оның ішінде 281 млн теңгеге 32 жоба қаржыландырылды. Негізінен мұнда келетін азаматтардың дені – банкке қояр кепілі болмай қиналғандар. Одан бөлек, инвестициялық бағдарламалардың қатысушылары да жеткілікті. Бұл бағдарламаның 40 проценті қала тұрғыны болса, 60 проценті – ауылдық елді мекендерден келгендер. Ал 90 проценті кәсібін жаңадан бастап жатыр.

– Күн сайын біз қормен өзара іс-қимыл жасау процесі барынша жағымды, жайлы және пайдалы болуы үшін жұмыс істейміз. Оның үстіне, кәсіпкерлер үйден шықпай-ақ egov.kz электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы «Даму» қорының кепілдігін алу үшін ғана емес, сонымен қатар «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында субсидия алу үшін өтінім бере алады. Егер кәсіпкерлердің бірі онлайн-қызметтерді қалай пайдалану керегін әлі аяғына дейін білмесе, оған әрдайым біздің кеңесшілеріміз кәсіби көмек көрсетуге дайын. Кәсіпкерлерге жасалып жатқан жағдайдың қаншалықты екенін осыдан-ақ байқай беріңіздер, – дейді «Даму» АҚ облыс бойынша филиалының директоры Ерлан Түктібаев.

Қызылорданың ең биік нүктесінде

Сол жағалаудағы көрікті нысанның бірі – «Болашақ» университеті. Көлемі 21 мың шаршы метрге жететін ғимараттың жоғары қабаты – Қызылорданың ең биік нүктесі. Ақмешіттің аспанмен астасқан тұсындағы биіктік – 51 метр. Сылдырап аққан сұлу Сырдың төбесінен қарайсыз. Университеттің ғылыми жетекшісі Бақберген Досманбетов «Осы елдің баласымын. Елдің ішінен шыққан соң халықтың әлеуметтік халахуалын жақсы білемін. Бізде оқытушылардың жалақысы жоғары, шәкірттердің оқу ақысы төмен. Барлық жағдай жасалған жатақхананың бір айлық ақысы небәрі – 6 мың теңге», – деді. Ғалым-ұстаз алақандағыдай көрініп тұрған арайлы мекенге көз тастап тұрып, айтулы жоба туралы сөз қозғады.

Бұл оқу ордасын салу осыдан он жыл бұрын айқын мақсатқа айналған. Университет жоспарлы түрде қаражат жинады. Төгілген тер өтеусіз емес. Аймақтағы айшықты нысанның бірі ретінде сол жағалаудан бой түзеген жаңа қаланың ажарына айналды. Жанына жатақхана салынуда. Одан бөлек, арнайы клиникасымен бірге медициналық корпус, студенттердің ойын-сауық орталығы, амфитеатр тәрізді көптеген нысандар салу жоспарда бар. Қазірдің өзінде оқу ордасы заманауи қажеттіліктермен қамтылған. «Өз қаржың жетпесе, «Дамудың» көмегі зор» деген Бақберген Сәрсенұлы ауқымды істе мемлекеттік бағдарламаның мүмкіндігін пайдаланғанын жеткізді.

– Әуелі 2017 жылдың тамызында «АТФ банк» АҚ облыстағы филиалынан бас корпусты салу үшін 500 млн теңге несие алдым. Рас, құжаттары да әжептәуір. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы осындай жеңілдікке қол жеткіздім. Түсіне білгенге үлкен көмек. 8 процентін өзім төлесем, 7 процентін «Даму» қоры субсидиялайды. Биыл тамызда тағы алдым. Жатақхана салу үшін 400 млн теңге керек болды. Бұл жолы мен 7 процентін төлесем, «Даму» қоры 8 процентіне көмектеседі. Міне, осылайша үлкен іске білек сыбанып кірісіп кеттік. Шәкірттердің білікті маман болып қалыптасуына керектінің бәрі менің жауапкершілігімде. Әлі де болса, азуын айға білеген алпауыт оқу ордаларымен иық теңестіріп, материалдық-техникалық базаны нығайтуым керек. Ғимараттың кескіні мен жобасының барлығына араласып жүрдім. Биіктігі де өзгеше болу керек. Өйткені, өзгеде жоқ ерекшеліктің бәрі мұнда болу керек, – деген Бақберген Досманбетов ел басшыларының осы нысанға жолы түскенін де айта кетті. – ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сыр өңіріне сапарында сол жағалаудағы жаңа қалаға ат басын бұрды. Бір топ мамандарымен бірге құрылысшылардай сапта тұрдық. Өтіп бара жатып, Нұрсұлтан Әбішұлы мен тұрған тұсқа қарап қол бұлғап шақырды. Барған едім, «Бақберген, дарияның жағасынан жақсы ғимарат салып жатыр екенсің. Көрдім. Бірақ, қорықпайсың ба?» деп сұрады. Мен оған асты тұтас бетон екенін, ғимарат пен бетон бірігіп тұрғанын, оқыс жағдайлардың алды алынғанын айттым. Ал ол болса, ашылуына шақыруымды тапсырды.

Б.Досманбетов «Болашақ» университетінің ескі ғимаратын кепілге қойғысы келді. Әйткенмен, оны төмен бағалады. Не істемек керек?! Осылайша «Дамумен» бірге дамудың даңғыл жолына түсті.

– Бұл күнде бас оқу ғимараты дайын. Банктен қаражат алу оңай іс емес. Жүгіріп жүріп қолға алып, алты айдың ішінде ғимараттың каркасын құрдық. Енді, міне, тек жоғарғы қабатының ұсақ-түйек жұмыстары қалды. Ал жатақхана құрылысы қарқынды жүріп жатыр, – деді ол.

«Керім сұлудың» кереметтері

Қала тұрғыны Шынар Пірекеева әу бастан әпкесі Жанар екеуі тігін шеберханасын ашуды армандайтын. Идея бар, қол қысқа. Қаражаттың жоғы аяққа тұсау болып, біршама уақыт жүрді. Құрылыс және бизнес колледжінде жұмыс істейтін әпкесі Жанар еңбек демалысына шыға салысымен шағын екі тігін машинасын сатып алды. Осылайша олар «Керім сұлу Kyzylorda» тігін шеберханасын ашты.

Аядай ғана екі бөлменің іші қыз жасауы, кәде-қаумет тартуы тәрізді ісмердің қолынан шыққан жабдықтарға толы. Осы күні 7 тігін аппараты жұмыс істеп тұр. Төрт адамды жұмыспен қамтып отыр.

– Тапсырысқа үлгермей қалатын кездеріміз бар. Тіккен заттарымызды күн ұзатпай алып кетеді. Бір уақыт тапсырыс қабылдаймыз да, соны аяқтағанша қабылдамаймыз. Дизайнды өзіміз жасаймыз. Ұлттық ою-өрнектер – біздің әрбір бұйымнан көрініс табатын символымыз. Өзімізге тән ерекшелік болсын деген ниет. Ерекше екені рас, кейде тіпті біздің идеямызды ұрлап жатқандарды да байқаймыз. Әйткенмен, басты орынға сапаны қойғандықтан біздің бұйым қайсысы екені көрініп тұрады. «Керім сұлуды» ел танып білсе деп барынша имиджге жұмыс істеп жатырмыз. Қазір облысқа қарасты аудандардан іздеп келіп, тапсырыс беретіндердің қарасы қалың. Болашақта ісімізді дамытып, үлкен ғимарат алу жоспарда бар, – дейді шеберхана өкілі Шынар Пірекеева.

Түрлі идеялар өріс алып, алға адымдау қиын болған сәтте «Даму» қорының көмегіне жүгінді. «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қолдау тапты. Бүгінде заманауи құрылғылар жұмыс істеп тұр. Әсем үлгіде жазу, сурет салу дегеніңіздің бәрі аппараттың көмегімен бітіп тұр.

– Кепілге қояр мүлкіміз болмады. Не істемек керек?! Мемлекеттік бағдарламаларға зер салып қарадық. Сыр өңірінде кәсіпкерлікке қолдау жетерлік. Өзге өңірлерге үлгі екенін естіп-біліп отырамыз. Біз де іздендік. «Дамуға» барып едік, қолтығымыздан демеді. Шілде айында «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы» ЖШС-на жабдықтар сатып алу үшін несие алуға өтінім бердік. Алынған қаражаттың бір тиынын шашау шығармай, барлығын қажеттілікке жұмсадық, – дейді Ш.Пірекеева.

Болашақта кәсібі кеңейіп жатса, маман тапшылығы болмайды. Бүгіннің өзінде Қызылорда индустриалды колледжінің студенттері осында тәжірибеден өтіп жүр. «Қажетті мамандарды сол оқу орнынан аламыз» деп отыр кәсіпкер.

«Сыр жиһазы» кеңейіп келеді

Кәсіпкерлікке өріс кең. Бұл – Сыр өңірінде бұлжымас қағидаға айналған ұстаным. Он жылдан бері аймақ халқына жиһаз ұсынып келе жатқан «Сыр жиһазы» да мемлекеттік бағдарламаның игілігін көрді. Ағаш өңдеу саласында өзіндік орны қалыптасқан кәсіпорын енді пластик есік, терезе де шығарады. Мекеме өкілі Жансұлтан Карпеков кәсіпті кеңейту үшін «First Heartland Jysan Bank» АҚ Қызылорда филиалынан «Даму» қоры арқылы жеңілдетілген несие алғанын айтты.

– Биыл қазанда қордың басым жобаларды несиелендіру тетігі шеңберінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауы арқылы несиеге қол жетті. Мекеме 6 процеттік мөлшерлемесін төлейді. Қалған 9 процентін «Даму» қоры мойнына алды. Біз бұл қаражатқа құрал-жабдықтар алдық. Жұмысты адам істегенмен, негізгі құрал – техника. Оның көмегінсіз уақытты үнемдей алмайсың. Қазір автоматтандырылған қондырғылар арқылы жиһазды жылдам әрі сапалы жасаудамыз. Ағаш, темір, пластик бұйымдарды дайындап, бояу үшін басқа цехтардың есігін қағатынбыз. Қазір өзіміздің бояуға арналған құрылғымыз бар, – дейді мекеме өкілі.

Мұнда 20-25 адам жұмыс істейді. Арал мен Жаңақорған арасынан, Байқоңырдан тапсырыстар келеді. 20-ның үстінде станок пайдаға жарап тұр. Қазір көпқабатты үй салушы мердігер мекемелердің тапсырысымен келісімді түрде есік-терезе қондырып жатыр. Бұл әжептәуір жетістік екенін айтады мамандар. Бес жылға алынған несиені уақытынан бұрын жауып тастауға да қамданып жатыр екен.

– Мұндай бағдарлама бар екенін естіп жүретінбіз. Сосын іздендік. «Талпынған жетер мұратқа» демей ме?! Кәсібін жаңа бастағандарға да, әрі қарай дамытамын дегендерге де жақсы бағдарлама. Ақылмен ойлап, кеңесіп шештік, келте болмас. Алған станоктарымыз кепілде тұр. Осы күні мектеп парталарын да жасап жатырмыз, – дейді Ж.Карпеков.

Кәсіпорын шаһардағы ірі сауда орталықтарымен келісімге отырған. Үлкен бұйымдар тапсырыспен жасалса, сұранысқа ие шағын заттарды «Zeta» дүкендер желісіне қояды. Тағы бір айта кетерлігі, «Zeta Piast» ЖШС-ның дилері ретінде жиһаздан басқа пластикалық бұйымдар, қоқыс бактары мен жәшіктері, саяжай мен бақшаға арналған керек-жарақтар жасайды. Ал негізгі бұйымдар қатарына кеңселік жұмсақ жиһаз, корпустық жиһаз, керует, кресло, орындық, үстел, мектеп және медициналық мекемелерге арналған жиһаз, сұлулық салондарына қажетті жиһаз дайындау.

Өнір өндірісі қанатын кеңге жайған. Бұл күнде «Қызылордада жасалған» деген айдармен елді аузына қаратқан өнімдер, республиканы былай қойғанда, шетел асып жатыр. «Даму» қоры кәсіпті кеңейтіп, істі алға бастыруға ниетті әр адамға қолдау көрсетуге әзір.



№171 (19849) 12 қараша, сейсенбі 2019 жыл

Сатып алған атақ абырой болмайды

Бұл енді капитализмнің, дұрысын айтқанда, нарық жүйесінде 500 жылдық тарихы бар қазір Батыс идеологиясына керек болмай қалған жүйенің бүгінге дейін бізге жеткен сарқыншағы. Ресейде бұл орайда үлкен кештер өткізіледі. Үлкен-үлкен корпоративтік кештерге марапат иелері шақырылып, әлгі медальдарды сатудан түскен ақшаға ән айтуға «жұлдыздар» шақырылады. Коммерцияны ұйымдастырғандардың, әншілердің ұпайы түгел. Олардың барлығы марапатталғандардың есебінен өздерінің нәпақасын айырып отыр. Бірақ мұндай «коммерцияның» ертеңі бұлыңғыр. Кейбіреулер түсіне бастады. Барлығы әншейін нәрсе екенін, өздерінің алдауға түскенін сезінді. Бірақ ең өкініштісі, мақтау сүйетін қазекеңдер әлі де жеткілікті-ау деймін. Енді бұл дерттің оқушы санасын улап, ағарту орындарын жағалап бара жатқаны алаңдатады. Өйткені батпандап кірген аурудан әпсәтте арылу және оңай емес. Бұл енді бізде жұқпалы дертке айналды.

Жақсы нәрсені бізден ешкім тартып алмайды. Жақсылықты ел көреді, түсінеді, сана қабылдайды. Алайда, әр нәрсенің шегі, шектеуі, осыған сәйкес тиісті өлшемі болады емес пе?! Менің балалық, осы жасқа дейінгі бүкіл саналы ғұмырым Қызылорда қаласында өтті. Жастық дәуірге ойша көз жүгіртканде байқағаным, соңғы жылдары қала келбеті айтарлықтай өзгерді. Көркіне көрік қосып, гүлденді, сәулеттенді. Алайда осының барлығы заңдылық емес пе? Өмір болған соң өсу, өркендеу болады. Қызылорда өсіп, өркендеп жатқанда өзге қалалар бір орында табандап тұрып алмаған шығар? Нью-Йорк пен Париж, әлде Берлин өсіп-өркендемей құрдымға кетті ме? Бірақ осының барлығы заңдылық, осылай болуға тиіс деудің орнына әкім қараларға жақындап кетсе мақтап ала жөнелетіндер өз ішіміздегі ақсақал, қарасақалдардан бастап, сырттан келген қонақтардың ішінен де табылып жатады. Бұл, бәлкім, Бельгер айтқандай, мақтаншақтық дертінің, қазақша ұғымға салғанда барлығымыздың жаппай осындай айықпайтын дертке шалдығуымыздың салдары шығар деп ойлаймын.

Қазір Қазақстанның мол мұнайынан төгілген қаржыдан – жоғарыдан ағылған миллиардтаған теңгелер әлдекімдердің бас ауруына айналды. Бюджет үшін ешкім қиналмайды. Субвенция, трансферт дейсіз бе, жоғарыдан құйылып жатыр. Бірақ «ұят болды-ау» деп қызарақтап жатқан бір пендені тағы көрмейсіз. Көптің көңілін аулаған, жетістігімізді әйгілеген тойлардан және кенде емеспіз. Мақтанып қоямыз.

Көп түйіткілдерге, әлбетте, жұмыр басты пенде ретінде түсініспікпен қарауға болар еді. Әттең бір қолайсыз жағдай болмаса... Біз кейде бүгінгі жетістіктерімізді мақтанып масаттанып айта отырып, өткен қоғамның кем-кетігін жиі ауызға алатын болдық. Бұл, менің-ше, бүгінгі аға ұрпаққа жасаған қиянатпен бірдей болар еді. Айтатыны жоқ, аға ұрпақ көп қиямет-қайымды басынан өткерді. Әкелері аштық-жалаңаштықты көрді, репрессияға ұшырады. Тұтас ұрпақтың келешек тағдырына балта шабылды. Бірақ олар адал, иманжүзді еді. Мен Құдайсыз қоғамда өмір сүріп, ар-ожданын жоғалтпаған, қанағатшыл, шүкіршілік дейтін сөзді аузынан тастамайтын сол ағаларымның өткен жолы жөнінде титімдей қолайсыз әңгіме естісем, қатты қиналамын.

Ойды ой қозғайды. Қазақтың классик жазушысы Тахауи Ахтанов сұрапыл соғыстан оралысымен бұрқыратып жазды. Жазғанда өндіртіп жазды. Қатарлас әріптестері Тахаңның жоғары білімі жоқ екенін біліп жанашырлықпен: «Мынау іргедегі ҚазПИ-ді, болмаса ҚазМУ-ды сырттай бітіріп алмайсыз ба, өміріңізге қатырма қағаз керек қой», – десе, жарықтық Тахаң: «Оларға түсу үшін орта білім туралы қағаз керек шығар», – дейтін көрінеді. Майданға аттанғанда мектептің 7 сыныбын бітіріп үлгерген ол кісі, шындығында, дарын иесі еді. Кеңес кезінде мұндай дарынды туындылар туғызған жазушылар мен дипломсыз ел басқарған тұлғаларды мыңдап келтіруге болады.

2010 жыл болуы керек, сол кездегі облыс басшысы әкімдік жиынында активке өзінің басқарма басшысы болып тағайындалған жас кадрын таныстырып, оның Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің бірқатар басқару академияларын тауысқанын айтып еді. Біз оны кәдімгі жұрт айта беретін бүгінгі заманның «вундеркинді» деп қабылдадық. Сол жігіт бірлі-жарым жыл облыс, қала әкімшілігінде мемлекеттік қызметте, азын-аулақ уақыт айлығы көптеу кәсіпкерлік корпорацияда басшылық қызмет істеді де, ізім-ғайым жоқ болып кетті. Артынан «іздеу салысы» көрдім. Бәлкім, оқуы мықты болған соң астанадағылар көзін салған шығар? Сөйтсем, бекершілік екен. Салпақтап әр нәрсенің басын шалып ауылда жүрген көрінеді. Не үшін кетті? Маған бұл сауалдың жауабы оншалықты қызықтырмады.

Иә, өмір өзгерді. Білім де, оқу да, тоқу да сапасыз болып барады немесе бағаланбайтын болды. Қазір мемлекеттік қызметке, оның ішінде лауазымды орынға тағайындалып жатқандардың өмірбаянына көз жүгіртсең таңырқайсың. Екі немесе үш оқу орнының басын қайырып тастаған. Не тындырып жатыр? Нәтиже қайда?

Тіпті баяндаманы сауатты жасау қабілетінен де айырылып бара жатқан жоқпыз ба деп те алаңдаймын. Әртүрлі деңгейдегі есептерде, сүреңсіз цифрлар, дәмі мен татуы жоқ құрғақ дәйектер көп келтіріледі. Кім қандай учаскеде не тындырды? Жергілікті бюджеттің жағдайы қалай? Олардың қырсырына ел жұртты қанықтыратын сараптама-есепті естіп көрмегенімізге не заман?! Осындайда есеп беру үшін қазақтың бай сөз қорын, әдемі теңеулерін неге қолданбасқа деймін. Қазір жамандап жүрген өткен қоғамда осының барлығы болған. Қызылордалықтар әр-бір жұмсаған 100 теңгенің 80 теңгесін республика астанасынан алады. Әрине, Қазақстан унитарлы мемлекет болғандықтан Үкімет бізді ешқашан аш қалдыра қоймас, алайда осының барлығы масылдық пиғыл туғызатынын, ерте ме, кеш пе оның да сұрауы болатынын ұмытпағанымыз абзал.

Мемлекет және қоғам қайраткері марқұм Сейілбек Шаухаманов бір жазбасында «О заман, бұ заманда аштан өлді, көштен қалды деген атқамінерді ешкім естіген де жоқ, көрген де жоқ. Барлық дәрежедегі басшыларды, тіптен, сайып келгенде, патшаны да асырайтын кәсіпкер, шаруа, өндіруші – халық. Бұрын да солай болған. Қазір де солай, келешекте де солай болады. Халық аман болсын, халық аман болса, бейбітшілік заман болса, ешқашан ешкім де аштан өлмейді, көштен қалмайды, тек баршамызға тәңірім ынсап, қанағат, шүкіршілік, иман, таупық берсін», – депті.

Осы орайда бұны Сәкең өзіне тән көңілжықпастығына салынғандығынан айтқан ғой деп топшылаймын. Әйтпесе тарихта, әсіресе XX ғасырда небір зұлматтар болған. Ол атқамінерді де, кедей шаруаны да, орташаны да мүсіркеген емес. Ресейді 300 жыл билеген Романовтар әулетінің, одан беріде 200 жыл бай-манап болып, малдың қызығымен мамыражай өмір сүрген қазақ дәулеттілерінің, оқығандарының қайғы-қасіретін айтсақ та жеткілікті. Бірінші дүние жүзілік, азамат соғыстарынан кейін аштық пен жалаңаштық жаулаған кеңестік Ресейде 5 млн-нан астам тұлдыр жетім көшелерде қаңғырып күн кешкен. Олар әртүрлі қылмысқа барған. Ресей империясы азып-тозуға айналады. В.Лениннің тапсырмасымен ВЧК төрағасы Ф.Дзержинский олардың көпшілігін жинап, балалар үйіне өткізіп, түзу жолға түсуіне жағдай жасайды. Кейбірін НКВД оқуларына жібереді. Тарихшылардың зерттеуінше, 1937-1950 жылдардағы репрессия кезінде мыңдаған тұтқындарды азап көрсетудің сан түрімен қорлап, мүгедек еткен, кісі төзімсіз жағдайда ұстап, олардың кінәларын қолдан мойындатқан, соңынан атып-асқан, ит-жекке айдаған сол жетімектер болған көрінеді. Ата-ана мейірімін, өмірдің жылы шуағын сезініп көрмегендер біреудің қасіретін қайтсін түсініп.

Міне, 100 жылдың ішінде дәуір бізге осындай зұлматтарын ала келді. Мұны тарихта бумерангтың қайтып соғуы немесе тағдырдың орыс халқына жіберген қарғысы дейді, кейбір сәуегейлер. Одан қазақ та молынан зап шекті. Осы орайда бізде қазір мейірім шуақ дегеніміз жоғалып бара жатқаны алаңдатады. Дәулеттілер жалдамалы жұмысшыларының несібесінен молынан жырымшылайды. Зейнетақы қорларына ақша аудармайды. Сілікпесін шығарып жұмсайды. Олар бумеранг дегенді, өзгеге істеген қиянаттың өзіне қайтып соғатынын білсе де, бүгінгі рахатымен өмір сүргенді қалайды.

Адам тағдыры қызық. Ешкім ешкімнен төмен болғысы келмейді. Өмір күрес, тартыс. Сол күреспен алға жылжиды, кедергілерді жігері, қабілеті жеткенше жаншып өткісі келеді. Шыңға жеткісі келеді. Барлығы ойдағыдай болып жатса қанекі, бұл өмірде кедергілер көп қой, көп... Сүрінесің, қайта тұрасың, тағы ұмтыласың дегендей.

Әйгілі Лев Толстой немересімен әңгімелесіп отырып:

– Өскенде кім болғың келеді? – деп сұрапты.

– Сіз сияқты даңқты жазушы болғым келеді, – депті немересі.

– Онда сенен ештеңе шықпайды, – депті жазушы.

– Неге?

– Сенің жасыңда мен Құдай болсам деп армандаушы едім...

Иә, шынында ой салатын диалог. Ұлы адам мен өмірге енді аяқ басқан сәбидің диалогы. Баламен сөйлесе білу өнері тек Ұлы адамның ғана қолынан келеді.

Әлбетте, бізге Платон, Толстой болу міндет емес, бірақ өз шама деңгейімізде ұят, ысап деген ұлы ұғымның мәнін түсініп, өмірдің қарапайым ізгілік қағидаларын игерсек жетіп жатыр емес пе?! Әйтеке би: «Арын сатып алған атақтан терін сатып алған мал артық» депті.

Түркістандағы Қожа Ахмед Иассауи кесенесіне Мұхаммед пайғамбардың «Кімде-кім ниетін – имандылыққа, тазалыққа, тілін – шындыққа, өзін – тыныштыққа, мінезін – туралыққа, құлағын – тыңдаушыға, көзін – өнегелі бақылаушыға айналдырып алған болса, ол – бақытты» деген сөздері жазылып қойылған. Бұл – әр адамның жүрегінің төрінен орын алуға тиісті, өміріне бағдар боларлық сөз.

Қазіргі аға буын Құдайсыздар заманында өмір сүрді. Бірақ өздерін өзгеден тыс ұлы күштердің билейтінін санасында бірдеңесі бар адамдар сол заманның өзінде ұғып өсті. Осы орайда жаңақорғандық Кеңес Одағының Батыры Әнуар Әбутәліповтің соғыс кезінде басынан өткізген бір оқиға естір құлақ үшін тыңдауға қызық.

Командирдің бұйрығымен немістер тас қылып бекініс құрған Тисса өзенінің арғы бетіне жүзіп өтіп, бекіну қажет. Әнуар арғы бетке жүзіп өтті. Жағалауға шығайын десе тік жар. Қиналғанда құлағында анасының сөзі естіледі: «Балам былай жүз, сәл оңға қарай» деп жол сілтеп отырған. Сілтеген бағытқа қарай жүзіп, жағалауға шығатын қолайлы жерді тапқан Әбутәліп командирдің бұйрығын орындап, сол ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атанған. Міне, иманның құдіреті деп осыны айт! Бұны белгілі иманжүзді журналист Нұрмахан Елтай жазды.

Ұлы жазушы Әбіш Кекілбаев: «Ұлтты ұйытқылы ететін – парасат. Адамды абзал ететін – иман», – депті. Тағы да: «Жүрек – құмыра. Дүние тіршілігінде әлгі құмыраға қолға түскенді теріп сала береміз... Бір күндер болғанда, қазына көріп арқалап жүргеніміз не нәрсе деп ішіне үңіліп қарасақ, әншейін түкке алғысыз кәкір-шүкір болып шығады» – деп жүректі таза ұстауға үндепті.

Кәкір-шүкіріңіз не, сонда? Әлгі Белгерь айтқан кабинет жағалап, ар-ұятын сатып жүріп алған медальдар ма?! Бір қызығы, қазір қалың көпшілікті кімнің не алып жатқаны да қызықтырмайтын болды. Өйткені қолдан жасалған марапат көп. Тіпті олар сатылып та жатыр. Ал сатып алынған абырой ешқашан қадірлі болған емес.

Сталинді жырлаған Жамбыл өлерінде Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовке барып: «Қарағым, мен үзбей намаз оқыған адаммын. Ағам Тәйті екі рет қажылыққа барған. Сондықтан менің обалыма қалмай, өлгенде жаназамды шығарып, өзімнің бағымның ішіне жерле» деген. Шаяхметов ақынның аманатын орындайды. Алматының бас қазиі Шәріп қазы ақынның қасырын жаназасын шығарып, бағына жерлейді.

Ал, осындай зұлмат заман болды. Большевиктер билікті алған соң дінге толық тыйым салды. Шіркеулер қиратылды. Молдалар сотталды, атылды. Бірақ соның өзінде ішкі дүниесінде иманын сақтап қалған адамдар болды. Сталиннің өзі Гитлермен жанкешті соғыста қиналған сәтінде дінге бет бұрды. Самарқандағы Әмір Темір жатқан мавзолейді жөндетті. Кешегі соғыста діндарлығымен белгілі болған белгілі генерал Андрей Власовты қолдады. Кейін немістерге өз еркімен берілгенін естігенде Сталин «бұл қалай болды?» дегендей үнсіз қалыпты.

Құдайсыздар туралы айтқанда өткеннің барлығын қаралай беру де қисынсыз. Крупская биліктен Ленинді жер қойнына тапсыруды өлгенінше сұрап өтті. Бірақ оның өтінішіне Сталин құлақ асқан жоқ. Сталин дінбасының баласы, дін қағидасы бойынша өлікпен не істеу керектігін жақсы біледі. Бірақ Ленин оған саясат, билікті уысынан шығармау үшін қажет болды. Ресейдің бүгінгі билігі үшін де солай...

Республикалық «Деловая неделя» газетінің АҚШ-тағы меншікті тілшісі Юрий Сигов жуырда өз мақаласында бұрынғы Кеңестер Одағынан шыққан елдердің ішінде Ресейде тұтынушылық психологияның, яғни өмірдің мәні баюшылық деген түсініктің басым болуына қарамастан, Батыстың өзінде алдағы жылдары билікке келуден үміттілердің АҚШ капитализмінің орнына социал-демократиялық қоғамды қалыптастыру керектігін айтып отырғанын тілге тиек етеді. Демек, Батыстың өзінде шектен тыс баюшылықтың сол қоғамның ертеңіне қауіп деген пікірлер айтыла бастады. Бұл әр нәрсенің шегі, шектеуі бар деген ұғымды білдірсе керек-ті. Ал шындығында осының барлығы біреуді мүсіркегендіктен емес, қоғам дамуы тежелуі мүмкін деген қауіптен туындап отыр.

Айта берсе, әңгіме көп. Бүгінгі айтпағымызды осымен шектей тұрғанды жөн көрдім.

1-бет.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

Соңғы жылдары қоғамда үлкен өзгерістер байқалады. Адамдар жеке басының мәселелері туралы ойдан гөрі жалпықоғамдық, мемлекеттік, ұлттық деңгейдегі проблемаларды көтеруде. Бұл уақыт туғызып отырған қажеттілік, себебі жаһандану жағдайында қазақстандық қоғамды бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ аясында жұмылдыру – тұрақтылық пен дамудың кепілі. Мемлекет, билік тарапынан осы жылдары Қазақстанның дербес-тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастықта қалыптасуы мен танылуы жолында экономика, саясат, әлеуметтік сала, мәдениет, спорт, білім, ғылым бағытындағы атқарылған жұмыстар ұшан-теңіз. Дана халқымыз «біткен іске сыншы көп» демекші, әрине, кемшіліктер, қателіктердің де орын алуы заңдылық.

Ал адам баласының жаратылысына сай бүгінгі жетістік ертеңгі жаңа сұраныстарға жетелейтіндігі биологиялық аксиома және ол бүгін, қазір болса дейтін талап-тілек те қатар жүретіндігі шындық.

Профессор Клаус Швабтың еңбегінде әлем төртінші өндірістік революцияның алдында тұрғаны, онда жасанды интеллектің мүлде жаңаша деңгейде жұмыс істейтіні, бүгінгі көптеген мамандықтар жойылып, адамдардың орнын роботтар ауыстыратын күн де алыс емесі айтылған. Міне, осы жағдайда не істеуіміз керек, өзгерістерге қалай төтеп береміз, әлемдік қауымдастықта орнымыз қандай болмақ деген сан алуан сұрақтар туындайды. Қазақ халқының рухани байлығы, ұлттық құндылықтары, дала демократиясы, дипломатиясы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарының қалыптасуының бастауы табиғатпен біте қайнасқан ауыл екенін ақындар, жыраулар, көнекөз қариялар ғасырдан ғасырға жеткізгені белгілі.

Жалпы тәуелсіздік жылдары ауыл бейнесі мүлде жаңаша сипат алып, экономикалық қарым-қатынастың нарықтық жүйесі дендеп еніп, денсаулық пен білім саласындағы реформалар біршама сындардан өтті. Ауыл шаруашылығы өндірісі қарқынды дамып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарып, ауыз су, жол инфрақұрылымдары өркендеді. «Көгілдір отын» келіп, өмір сүру деңгейі артуда. Дамыған өркениетті елдердің жүріп өткен жолдары көрсеткендей, демократиялық үрдістер қалыптасқан қоғамда адамдардың бақытты өмір сүруіне мүмкіндіктер туады. Демократиялық үрдістер ұзақ жылдар нәтижесі екені тарихтан белгілі. Ұлы қазақ даласында да демократияның ізі сайрап жатыр. Мысалға, «дат, тақсыр» сөзінің ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауымен ішкі сабақтастық бар екені байқалады. Қазақ халқы, жалпы адамзат баласы сөзге үлкен мән берген, «сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» деген сөз тіркестері сөйлесудің, қоғамдық диалогтың, адами арақатынастарда ерекше орны бар екендігін көрсетеді.

Қазіргі таңда билік пен халық арасында осындай кезең басталды. «Nur Otan» партиясының, әкімшіліктің, барлық басқару саласының құрылымдарында қоғамдық қабылдау штабтары, ашық алаңдар құрылып, халықты толғандыратын жалпыұлттық мәселеден бастап, күнделікті тірліктің проблемалары туралы сұрақтар көтеріліп, өз шешімдерін табуда немесе талқылануда.

Осы бағытта ҚР Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құрылуы және оның құрамына белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлерінің, саяси партиялар, үкіметтік емес сектор өкілдерінің кіруі билік пен қоғам диалогының аясында пікір плюрализмін, түрлі пікірлер туындауын қамтамасыз етті. Ұлт тағдырына байланысты дұрыс шешімдердің қабылдануын қамтамасыз етіп, бірлікті, елдегі тұрақтылықты нығайтады. «Ауыл» ХДПП мүшесі, президент сайлауында партия атынан кандидат ретінде түскен Төлеутай Рақымбековтің кеңес құрамына кіруі – елімізде көп партиялық жүйенің қалыптасқанының айғағы.

Қазіргі таңда әлемдік брендке айналған экологиялық таза тамақ өнімдері жоғары сұраныста. Қазақстанның сондай өнімдерді өндіруге толық мүмкіндігі бар. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына түрлі (субсидия, кредиттеу, қарызды шегеру, т.б) көмектер жасалуда. Соның нәтижесінде бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өндірісі құрылып, экспорт әлеуеті артуда. Әрине, шешімін таппай жатқан мәселелер де аз емес. Сондықтан «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп қазақ атамыз айтқандай, жүкті де, жауапкершілікті де бөлісетін кез келді.

«Ауыл» және Патриоттар партиясының бірігуі нәтижесінде құрылған «Ауыл» халықтық демократиялық патриоттар партиясы («Ауыл» ХДПП) қоғамдық бірлестігінің мақсат-мүддесі – тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы жолында еңбек ететін қоғам мүшелерін біріктіру арқылы демократиялық қоғам құруға өлшеусіз үлес қосу. Саяси партияның «Ауыл» ХДПП аталуында да үлкен мән бар. Себебі, ауылшаруашылық саласы – азық-түлік өндірісінің қайнар көзі болса, ал ауыл – қазақ халқының рухани құндылықтарының, салт-дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының, мәдениетінің бастауы. Қазіргі таңда елімізде «Ауыл» ХДПП құрамында қарапайым ауыл, қала еңбеккерлерімен қатар белгілі ақын-жазушылар, әншілер, ғалымдар, медицина қызметкерлері, қоғам, мемлекет қайраткерлері және жастар ұйымы бар қоғамдық бірлестікке айналуда. Партия қатары жылдан-жылға арта түсуде және олар түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, ауыл, қала еңбеккерлерінің арасында кездесулер өткізіп, мемлекеттің саясатын кеңінен насихаттап, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге атсалысуда. Республикамыздың барлық облыстарында облыстық, аудандық мәслихаттар депутаттары құрамында «Ауыл» ХДП партиясының мүшелері бар. Демек, партия жұмысы уақытпен сыналып, өзінің нағыз халықтық демократиялық негіздегі қоғамдық бірлестік екенін көрсетіп отыр.

«Ауыл» ХДП партиясын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің төрағасы, мемлекет, қоғам қайраткері Әли Әбдікәрімұлы Бектаевтың басқаруы – мемлекет, билік тарапынан партияға көрсетілген үлкен сенім.

Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты, «Ауыл» ХДПП мүшесі Ж.Нұрымбетов ауылшаруашылық мәселелерінің сапалы шешілуіне белсенді қатысып, ауыл тұрмысының жақсаруына өз үлесін қосуда. Ол өзінің туған ауылында өндірісті нарық жағдайында ұйымдастырып, жаңа жұмыс орындарын ашып, әлеуметтік мәселелерді шешіп, мемлекет саясатымен терең үндестікте жұмыс жасауда. Осындай жұмыстар облыс көлеміндегі барлық аудандарда, ауылдарда жүргізілуде. Міне, мұның барлығы – қоғамдағы бірліктің жарқын көріністері.

Жалпы мемлекеттік қызметке «Ауыл» ХДПП мүшелерін кеңінен тарту, халықтың билікке деген сенімін арттырумен қатар қоғамдағы тұрақтылықты, бірлікті қамтамасыз етуге ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Еліміздің дамуы, экономикалық күш-қуатының артуы, демократиялық үрдістердің қалыптасуы, глобальды өзгерістер ағынында бәсекеге қабілетті экономиканы құру, «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру – қоғам тұрақтылығын қалыптастырудағы ерекше фактор. Сондықтан қоғамның әрбір мүшесі, саяси партиялар, бірлестіктер келісімде, бірлікте жұмыс істейік, ағайын!

С.ӨМІРЗАҚОВ,
«Ауыл» ХДПП облыстық филиалының төрағасы.

Өнер байқауының жүлдегерлерін қабылдады

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Асқарбек Есжанов өнер бәйгесіне қатысып, жүлдемен оралған Сезім Қаһарман мен Мақпал Қалдановаңы қабылдады.

Сезім жас өнерпаздардың талабын шыңдайтын бірегей жоба – «Бала дауысы» ұлттық балалар ән байқауында оза шауып, III орынды иеленсе, Мақпал Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы аясында өткен «Өнер өлкесінің жезкиігі» атты республикалық әншілер конкурсында бас жүлдені жеңіп алды.

Бөлім басшысы жеңімпаздарды құттықтап, алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, аймақ абыройын асақтатып жүрулеріне тілектестігін білдірді. Сонымен бірге өнерпаздарды тәрбиелеп, қолдап жүрген «Сыр сандуғаштары» балалар вокалдық тобының жетекшісі Бағдагүл Есмұрзаева мен М.Ералиева атындағы мәдениет үйінің директоры Ләйлә Насимхановаға алғыс айтты.

Барлыбек БАТЫР.

Елім деп өткен есіл ер

Тәуелсіздік алғалы бодандыққа негізделіп жазылған тарихымыздың бостандық лебімен жаңа беттері өмірге келе бастады. Соның бірі – 1941-1945 жылдардағы Отан соғысына байланысты деректер. Майдан даласында түрлі жағдайлармен тұтқынға түскен Кеңес солдаттары туралы Сталин: «Менде тұтқын жоқ, тұтқынға түскен халық жаулары» деген.

Тарихи деректер тұтқынға түскен қызыләскерлер саны 6 млн-ға жақын, оның ішінде түркістандықтар 1 млн 700 мың деген цифрды алға тартады. Осылардың барлығын «Отанын сатқан опасыздар» деуге бола ма? Бұған жауапты жерлес аталарымыз Мұстафа Шоқай мен ақын, аудармашы, суретші Мәжит Айтбаевтың өмірбаянын тереңірек зерттеу арқылы-ақ алуға болады.

Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздікке негізделген көзқарасы, сол жолдағы жанқиярлық күрескерлігі, бізге қалдырған еңбектері, шетте жүрсе де қазағым деп соққан жүрек лүпілі, соғыс кезіндегі түркістандық тұтқындарға жасаған көмегі, т.б. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін кеңінен белгілі бола бастады. Қос алып Сыр топырағының тумалары болғандықтан, олар жайлы ғылыми-зерттеу жұмыстарының осы жерден бастау алуы да заңды құбылыс. 2016 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде профессор Қ.Бисеновтің, саяси ғылымдар докторы Ә.Бәкірдің ғылыми жетекшілігімен Шоқайтану ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Бізге жеткен деректерді сараласақ, неміс лагеріндегі тұтқындарға Мұстафа Шоқай мүмкіндігінше көмектескен. Ол 1941 жылы тамыз-қараша айларында Проткен, Сувалки, Пагаген, Дебииса, Ярослав, Лемберг, Эбенброд, т.б. лагерьлерде болып, ортаазиялық тұтқындардың жағдайымен танысып, қандастарын ажал тырнағынан аман алып қалуға көп әрекет жасаған. Неміс жендеттері тұтқындарды тырнақтарына ине шаншу, улы түтінді камераларда ұстау, тірілей өртеу, терілерін тірідей сыпырып, одан әртүрлі бұйымдар жасау сияқты айуандық әрекеттерден аянбаған.

Мемлекет және қоғам қайраткері, шынайы патриот Мұстафа Шоқай жайлы оның есімі берілген орталық кең көлемді ғылыми-зерттеу жұмыстарын бастап кеткенін есептеп, жерлесіміз, ақын, аудармашы, суретші Мәжит Айтбаев жайлы біршама деректерді назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

Ақын Мәжит Айтбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы республикалық «Ақиқат» журналының биылғы №1 санындағы жазушы Уақап Қыдырханұлының «Шерменде ақын, шексіз мұң» деген көлемді мақаласында Мәжит Айтбаев жайлы көптеген жаңа дерек келтіріліпті. Бұған дейін осы автор құрастырып, алғысөзін жазған М.Айтбаевтың «Шер» атты шығармалар жинағы «Жазушы» баспасынан 2005 жылы жарық көрген. Онда «Абылай» дастаны, балладалар мен өлеңдері араб қарпі және кириллицамен берілген.

Мәжит Айтбаев кім? Ол – соғыс жылдарында әскери тұтқында болып, «Қобызшы Қорқыт» деген бүркеншік атпен шығармаларын үздіксіз жариялап отырған майдангер ақын. Қызылорда облысының Сырдария ауданында 1914 жылы өмірге келіп, 1945 жылы ақпан айының 13-14 күні Германияның Дрезден қаласына әуе шабуылының құрбаны болған. 1938 жылы Қазақ педагогика институтын тәмамдап, Қызылорда педагогикалық институтына қызметке келді. Осында қазақ тілі мен әдебиеттен сабақ бере жүріп, студенттер даярлайтын бөлімді басқарып, оған Сырбай Мәуленов, Оразгүл Нұрмағанбетованы, Әсия Жанәлиеваны, Роза Бағланованы қабылдайды. Облыстық Жазушылар одағының басшысы ретінде республикалық және жергілікті баспа беттеріне көптеген өлеңдерін жариялайды.

1937 жылдың ызғары Мәжит Айтбаевты да шарпып, Жазушылар одағының өкілі болса да, одақтың съезіне сайлатпайды. Оған қарамастан Мәжиттің қаламынан «Болат құюшының жыры», «Қарлығаштың қанатындай», «Қытай қызы» деген өлеңдері «Әдебиет майданы» журналында, газеттерде басылды. «Толқын жыры» поэмасын жазды, Лебедев-Кумачтың «Если завтра война», Светловтың «Каховка», «Гренада», Гетенің «Орман патшасын» аударды.

Мәжит Айтбаев Қызылордада қызметі істеген жылдары бұрынғы астана болған қалада техникумдар мен мектептер көп еді. Сауда техникумында атақты Абдулла Жұмағалиев сабақ беріп, №6 мектептегі әдебиет үйірмесіне жетекшілік еткен. Теміржол техникумындағы әдеби үйірмені өлеңді қазақ, орыс тілдерінде бірдей жазатын Асқар Нұртазин жүргізген. Педучилищедегі әдебиетшілерді ұстаз ақын Мендияр Киікбаев тәрбиелеген. Осы мақаланың авторына да қаладағы №6 мектептің 8-сыныбында Мендияр ағай ұстаздық еткен. Оның қызы Розалияның Америкаға кетемін деген әрекеті, жұбайы М.Шоқайдың қарындасы, соғысқа кетіп еріксіз тұтқындалған Мәжит Айтбаевтың досы болғандықтан, талай тексеру мен тергеуді басынан өткізген.

1939 жылы М.Айтбаев армия қатарына шақырылғанда жұбайы (венгр қызы Елена Лукич мұсылмандыққа өтіп, Мария деген есім алған) ауруханада босанып, Пахридин атты ұлды өмірге әкелген еді. Ұлы үш айлық кезінде әкесін Сырбай Мәуленов пен Мендияр Киікбаев армия қатарына шығарып салды. Пахридин-Чапай Қызылорда қаласында тұрып, 1997 жылы қайтыс болды. М.Айтбаевтың тұтқында жүріп жазған «Бесік жыры» атты өлеңі ұлына арналған. Онда «Күлгеніңді көрсем де, жүргеніңді көрмедім» дейтін жолдар бар. Ал 1943 жылдың қазан айында Берлинде жазған «Орамал» атты жырында «Сүртерсің сонда жасыңды, бердім саған орамал. Орамалым мәңгіге сүйгендікке жорамал» дей келе, Мәрия жарының атынан «Сенен қалған қолымда, үш айлық сәби ұлым бар. Мен сүйермін ұлымды, сенің онда кімің бар?» деп жырлайды ақын.

«Милли әдебиет» журналының 1944 жылғы екінші санының едәуір бөлімі Мәжит Айтбаевтың 30 жасқа толуына арналған. Легион басылымдарының басшылары, майдандас, қаламдас, тағдырлас түркі ақындары сөз арнаған. Күрескер ақынды шыдамға шақырған, жігерге жетелеген, үмітке ұмтылдырған. Онда өзбек ақыны М.Раушанның, ақындар Мәуленнің, М.Аяппековтің, Хамза Абдуллиннің, Бекзаданың, Атабек Абдуллаевтың өлеңдері басылған.

Жоғарыда атап өткен Мәжит Айтбаевтың «Шер» (2005 ж) атты шығармалар жинағы «Абылай» дастанынан басталады. Дастан бұған дейін «Қобызшы Қорқыт» деген бүркеншек атпен 1943 жылы Берлинде жарық көрген. Оған екі дастан, үш баллада, төрт ән, қырық бір өлең енген. 1971 жылы латын қарпімен Хасан Оралтайдың еңбегінің арқасында Мюнхен қаласында басылып шықты. Бір жолы Мюнхен қаласында болған мүсінші Еркін Мергенов осы кітапты қолына түсірген. Дастанды және кітап ішіндегі басқа да өлеңдерді суретші Қайырбай Зәкіров бір жарым айдың ішінде кириллицаға түсіріп, «Ленин жолы» газетінің мәдениет бөлімін басқарған маркұм Қази Данабаевқа тапсырды. 1991 жылдың ақпан айының соңында газет басшылары Әскербек Рахымбекұлы мен Әділхан Бәйменнің батылдығының арқасында газеттің екіүш нөміріне басылды.

1991 жылы Сауытбек Абдрахманов Түркияда тұратын шежіреші Шаймерден карттан «Қобызшы Қорқыт» кітабының көшірмесін әкеледі. Жазушы Уақып Қыдырханұлы Сауытбек әкелген кітапты алғаннан кейін Сырбай Мәуленовтің «Қазақ әдебиетінде» жарық көрген «Мәжит Айтбаев кім еді?» деген мақаласын алғысөз етіп, 54 өлеңін еларалық «Шалқар» газетінде жариялайды. Кейін «Егемен Қазақстанның» 2004 жылғы 24 қараша күнгі санында С.Абдрахмановтың «Жиырмасыншы ғасыр жырлайды» антологиясында М.Айтбаевтың біраз өлеңдері жарық көрді.

М.Айтбаев Батыс шекарада әскери қызметте жүргенде 1941 жылы тұтқынға түседі. Онда Түркістан ұлттық бірлік комитетіне мүше болып, «Жаңа Түркістан», «Милла Түркістан» газеттерін шығарысқан. «Милли әдебиет» альманағының бас редакторы, 1944 жылдан «Жауынгердің күнделік дәптері» атты альманахтың шығуына белсене атсалысқан. 1942 жылы Берлинде Түркістан комитетінде өте құпия жасырын ұйымды Мәжит Айтбаев, Еділ-Орал Татар комитетіндегі Мұса Жәлел басқарды. Мұса Жәлел әшкереленгенде Түркістан комитетіндегі жасырын ұйымды басқарған Мәжит Айтбаевты сатпайды. Бұл ұйым мүшелері бес кісіден артықты білмейді. Өйткені ұстала қалса, жаны қиналғанда соларды ғана айта алады. Демек, құпия ұйымда конспирация жұмысы жоғары деңгейде жолға қойылса керек.

1967 жылы Мұхтар Әуезов театрында Ғабит Мүсіреповтің тікелей қолдауымен драматург, аудармашы, сыншы, Қазақстанның Халық Жазушысы Қалтай Мұхамеджановтың «Жат елде» пьесасы қойылды. Бұл автордың бірнеше жыл көптеген құпия құжаттарды зерттеген, Кеңес үкіметінің түбі құрдымға кетіп, келешекте тәуелсіздік таңы ататынына зерделі ой тастайтын шығарма еді. Пьесаның негізі тарихта болған оқиғалардан алынған. Автор нақты деректерге сүйене отырып, Ұлы Отан соғысы кезінде тұтқындалып, «Түркістан легионына» қатысқандардың тағдырын көрсетеді. Кейін большевизмге қарсы күресті күшейту мақсатымен Америка империализмі мен Герман реваншистік күштері Мюнхенде Түрік елі комитетін құрды. Бұл ұйымның мақсаты мен оның мүшелерінің тағдырын терең зерттеген автор тұтқынға түскен легионерлердің барлығының Отанын сатқан опасыз емесін, олардың алдау мен арбаудың құрбандары болғанын көрсетуге драматургияның шебер иірімдерімен жеткізе білген.

Пьесадағы ақын Асан – «Қобызшы Қорқыт» Мәжит Айтбаевтың прототипі. Кеңестік идеологияның қатаң цензурасынан шыға алмайтынын, оның мүмкін еместігін толық сезінген драматург Қ.Мұхамеджанов ақын Асанның образы арқылы (рольде жас актер Асанәлі Әшімов) Отанына деген шексіз сүйіспеншілігін жеткізе білген. Асан – шын сезімнің адамы. Ол сағынышын, сүйіспеншілік сезімін жасыра алмайды. Асанның пьесада күңірене, күрсіне айтатын:

Сарыарқа, самалыңды
сағынамын,
Жеткіз деп тағдырыма
табынамын.
Ішім дерт, өзегім өрт,
тілімде зар,
Қай күні бұл азаптан
арыламын.
Жетімек бір ұлың жүр өлмей,
өшпей,
Тамшыны татқан күн жоқ
таңдай кеппей.
Жасаппын, қайран дүние,
зор қателік,
Бір уыс топырағыңды
ала кетпей,

– деген өлеңі шерменде шексіз мұңға толы Мәжит Айтбаевтың елге деген сағыныш зарымен үндесіп жатыр. Оны автор Қ.Мұхамеджановтан басқалардың сол кезде толық сезіне бермегеніне де шүбә келтіруге болмас. Пьесада Асанның «Мастығым тарқаса, құлазып жалғыз қаламын. Ішсем өзіме-өзім бір тайпа ел болып, Сарыарқада сайрандап жүремін. Венаға мені де жібер, тірі қазақтарды бір көріп қайтайын» деген жолдар бар. Осы ретте автор пьесадағы ақын Асан арқылы 1944 жылы Австрияның кіндік қаласы Венада Түркістан түріктерінің бірінші құрылтайы ашылғанына, оған Түркиядан, Ауғанстаннан, Пәкістаннан, Орал, Армения, т.б. елдерден келген легионер-делегаттар қатарында Мәжит Айтбаевтың болғаны сияқты тарихи шындыққа меңзейді.

Пьесада құрылтайға қатысып қайтқан ақын Асанның (Қобызшы Қорқыт) «Анау фестивальда қазақ делегациясының құрамын, өнерін көріп бармағымды шайнап қайттым. Сондай бұғаудағы халықтың қалай өскеніне таңдандым. Бәрін де осы бір пісіп тұрған шағында қолға алар ма еді. Қайран дүниеай! Ғажап деймін, ғажап» деген өкінішке толы сөздері келтіріледі. Қазіргі цензурасыз еркін ойлау деңгейінен зерделесек, Асанның өкінішке толы осы бір сөздері арқылы өздерінің алданып жүргендерін жайып салады. Автордың шеберлігін өмір шындығы дәлелдеп тұрғандай. Тұтқынға түскендердің барлығының Отанын сатқан опасыздар еместігін Қалтай аға өткен ғасырдың 60-жылдары-ақ жеткізгендей.

«Жат елде» пьесасы туралы академик Серік Қирабаев кеңестік идеологияның тар шеңберінен шықпағанмен, жаңа ойларға жетелейтін «Патриоттық спектакль» деген атпен танымдық мақала жариялады.

Мәжиттің бабасы Шойынбайдан – Айтбай, одан – Мәжит пен Әбдісадық туыпты. Әбдісадықтың балалары – Салихитдин, Күләйім (Күләш). Салихитдин Айтбаев – белгілі суретші. Әкеден екі-ақ жаста қалған Мәжит анасы Фатима Оразқызы да өмірден озғаннан кейін, Әбдісадықтың тәрбиесінде болады. Әбдісадықтың қызы Күләйім (Күләш) қазір Қызылорда қаласында тұрады, зейнеткер-ұстаз. Олар туралы толығырақ зерттеу – кейінгі уақыттың үлесі. Ал Мәжит Айтбаев мұраларын зерттеу рухани жаңғыру аясында жалғаса береді деген бек сенімдемін. Еріксіз тұтқынға түскендердің сатқын еместігін тарих дәлелдеп отыр. Бұл мәселе тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихының жарқын беттері болатыны да анық.

Қазбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың профессоры.

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

«Жұмыр жердегі бір ғұмыр»

Қармақшы ауданында соғыс және еңбек ардагері, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, ақын Есенбек Құрманбаевты еске алуға арналған кеш өтті.

Е.Құрманбаев өзінің ерікжігерінің арқасында жалшыдан халық сенімін арқалаған жауапты қызметкерге дейін өсті. 1928 жылы Мәскеу мемлекеттік университетіне түсіп, оны үздік бағамен аяқтайды. Шымкент қаласында шахта жұмысшысынан бастап, Шаян ауданының милиция бастығы, Алматы облысындағы Қорғас шекара бекетінің, Қастек аудандық жер бөлімінің бастығы, Еңбекшіқазақ аудандық МҚҚ (қазіргі ҰҚК) бастығының орынбасары секілді жауапты қызметтерді абыроймен атқарады.

Ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласына аттанып, Орта Азия әскери округінің ротасына командир болады. Қан майданнан елге аман оралған соң, халық игілігі жолындағы қызметін жалғастырады.

1946 жылдан бастап Қармақшы ауданында жер бөлімінің бастығы, 1951-1961 жылдары 6 колхоздан құрылып, ірілендірілген «Молотов» колхозын басқарады. Еңбегі бағаланып, «Еңбек Қызыл ту» орденін алды.

Туған жерін түлеткен тұлғаны еске алу кешінде сөз алған «Nur Otan» партиясы Қармақшы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дастан Буханов қоғам қайраткерінің халқы үшін атқарған еңбегі ұрпақ жадында мәңгі сақталып, дара тұлғасы жерлестерінің жүрегінен өшпейтіндігіне тоқталды. Облыс әкімінің орынбасары Мұрат Имандосовтың жүрекжарды лебізі жазылған жеделхатын Құрманбаевтар отбасына табыстады.

Есенбек ақсақал үнемі күнделік жазып, бірнеше рет баспасөз беттеріндегі жазба ақындар айтысына қатысқан. Өзінің өмірі, бала кездегі көрген қиындықтары, еңбек жолы, замандастары туралы естеліктерін ұрпағына жазып қалдырыпты. Е.Құрманбаев өзінің осы естелік қолжазбаларының кітап болып жарыққа шығуын армандап өткен екен. Халқының бағына біткен тұлғаның сол арманы орындалып, оның өз қолымен өмір бойы жазған қолжазба күйіндегі күнделігінің негізінде астаналық ақын Оңаш Мәжитова 145 беттен тұратын «Жұмыр жердегі бір ғұмыр» атты повесть жазып шығыпты.

Салтанатты кеште осы кітаптың тұсауы кесіліп, ұрпақтары мен оқырмандар көптен күткен туынды көрермендерге таныстырылды. Сахна төрінде арда азаматтың өмірі туралы жазылған повестің авторына құрмет көрсетілді.

Аталған кітапқа повестен бөлек, Е.Құрманбаевтың өлең-жырлары, әңгімелері, жазба айтыстары, нақыл сөздері, жұмбақтары мен өмірден түйген ой өрнектері енгізілген. Сондай-ақ, қоғам қайраткері туралы ел аузындағы қызықты әңгімелер мен естеліктер, арнау өлеңдер және өмірінің әр кезеңінен сыр шертетін суреттер топтастырылған.

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ.
Қармақшы ауданы.

Келіннің ырымы

Ауылда ол кезде қазіргідей орталық жоқ. Аталас ағайындар әр жерде бөлек-бөлек отырушы еді. «Көкжидеде» түйдей құрдас, сырлас, бірге өскен бойжеткендер болатын. Жігіт біткен екеуіне көз қырын жиі салатынын байқайтынбыз. Дәм-тұздары жарасып, бірі – Дөненбайға, екіншісі Мырзашқа тұрмысқа шықты. Жарасты өмір сүрді. Дөненбай әскерге кетіп, соғыстан оралмады. Ал, Мырзаш аға еңбек армиясы деген атауы бар Донбаста соғыс біткенше шахтер болып, аман-сау сүйікті Балайымына қосылды.

Баяғыдан сырлас Айкүміс пен Балайым бір-бірімен сыйласып өмір сүрді. Айкүміс бір қайнысының ұлын бауырына салып, Дөненбай шаңырағын өшірмей ғұмыр кешті. Немере сүйді, ұл-қыз өсіріп, дүниеден өтті.

Ал, Донбастан оралған шахтер Мырзаш пен Балайым бейбіт өмірде колхоздың малын бақты, күріш, бидай екті, тары қорыды. Жылдар осылайша өтіп жатты. Бірақ үйде бір баланың даусы естілмей, іштегі шерін жиі тарқатады. Мырзаш кеңпейіл, сабырлы. Ал Балайым тағдырға, бала сүймей өмірі өтіп жатқанына Аллаға налыған кейіп байқатады.

– Қой, Мырзаш, мен қаладағы қайнағаның бір баласын асырайын. Қолымды қақпас, қолдары құр емес, төрт баласы бар ғой, бір ұлын берер.

– Берер деймісің, – деп Мырзаш көзінен төгілген жасты сүртіп, тізерлеп отыра қалды. Балайым белін буынып алған, райдан қайтар түрі жоқ екенін байқап отыр.

– Не дегенің, береді ұлын. Алып келейік, жүр қалаға. Атты ертте. Сен атқа мін, мен жаяу жүрейін.

– Әңгіменді қой, сен атқа отыр. Мен жаяулатып, алдыңа түсейін. Таңертең ерте шығайық, қас қарая қалаға жетерміз. Күздің күні ғой, шөлдемеспіз, шаршамаспыз. Қала арасы қырық шақырым, жолда «Бәйтендегі» нағашымның үйінен шәй ішерміз. Нағашымыздың үйінен бір шайды ішіп алсақ, қалаға жетпейміз бе? – деп Балайым Мырзашты қамшылап, қуаттандырып қойды.

Қызылордада о кезде төртбес көше бар. Базар көшесі, 13 нөмірлі үйде тұратын қайнағасы Әділбайдың есігін қақты. Іле үйден келіні Күнімжан шықты.

– Ол да өзіміз өскен ауылдың – «Көкжиденің» қызы. Қайнаға – менің күйеуім Мырзаштың туған ағасы. Аға жұмыста екен. Күнімжан дереу дастархан жайып, шай әзірледі, қазан қайнатты. Лезде түскі үзілісте Әділбай қайнаға да келді. Үй іші базар. Төрт ұл мен қыз асыр салып, үйдің шаңын басына көтерді. Біреуі қой демейді. Асыр салған балалар ойынына әбден үйренген. Алла бізді де осындай қуанышқа, шат күлкіге жеткізсе ғой, – дейді Балайым.

– Алла жарылқаймын десе бір күнде. Біз де осындай отбасына жетерміз, – деп сабырлы Мырзаш бойын тіктеп, балалар ойынына мәз-мейрам болып отырды. Әділбай мен Күнімжан екеуі ауылдың амандығын сұрап, бой жазып қалғандай.

– Әңгіме балай, қайнаға. Мына бір ұлыңды бізге бересіз, бауырыма саламын. Мырзаш екеумізге серік болсын. Біз де бұл өмірден қуаныш көріп өтейік, қайнаға! Жасым болса ұлғайып барады. Менің бала көтерер түрім жоқ...

– Қадамың құтты болсын, шырағым. Мына екі ұлдың қайсысын қолайлап отырсың?

– Қайрошыңды бер, қайнаға. Өзінің түр-түсі Мырзашқа ұқсайды. Айнымаған Мырзаш...!

– Алыңдар, екеуің қолдарыңды жайыңдар. Қайраттарың қалжырағанша қайтпасын, ұрпағың үміттеріңді ақтасын! – деп Әділбай аға екеуінің бетінен сүйіп, Қайрошты атқа мінгізіп шығарып салды. Балайым сездірмей іріккен жасын жасырып көзін сүртті. Бауыр еті бір ұлын аттандырып, балапанын ұядан ұшыру оңай емес, Күнімжанның осы сәтте өксіп алғаны бар.

Мырзаш пен Балайым «Көкжидеге» оралды. Ауылдастары қуана қарсы алды. Бір құнанды сойып, той жасады. Үлкендер Қайырлап, Әжімағанбет, Сүлеймен, Бөлекейлер бата жаудырды. Үйдің сәні кіріп қалды. Қайрошты көрші-қоңаңдардың балалары ортаға алып, даладағы ойынға шықты. Ауыл балалары жатырқамады, Қайрош жаңа ортаға, қаладан әдейі ойынға келгендей болды.

Уақыт, шіркін, қандай жүйрік еді. Қайрош лезде мектепке баратын болды. Алда тағы бір думанды той отбасын күтіп тұрды. Үйге ауылдағы балаларды сүндетке отырғызатын Шайхы молда келді. Өткір ұстарасын қалтасынан шығарып, баланы сүндетке отырғызғанда, Балайым екелден келе жатқан ырымға жүгінді.

– Ырым болсын, Қайроштың соңынан ерер ұл болсын, құрсақ көтерем бе деп.

– Алла тілеуіңді берсін, келін! – деп Шайхы молда, отырған үлкендер орындарынан қол жайып, жайылған дастарханға отырды.

О, Құдірет!

Балайым келін содан кейін жүкті болып, балалар босанатын үйге аттанды. Дәрігерлер баланы операция жасап алуды ұйғарды. Операция сәтті шықты. Ұл екен. Мырзаштың сол сәтте қуанғаны-ай! Балайым келін босанатын үйде жатқан екінші күні түн ішінде қатты шөлдеп, қасындағыларға бір жұтым су әкеліндерші, таңдайым кепті ғой деп мазасызданса керек. Қасындағы босанған бір көрші келіншек дереу бір тостаған су әкелген. Соны жұтқан бойда тігілген жер сөгіліп кетіп, көз жұма жүре беріпті. Әдетте, операциядан кейін су ішуге болмайтынын әлгі келіншек білмей қалғанына өкініп жылағаны бар. Перзентханадан ұлды үйге әкеліп, Мырзаш пен Қайрош екеуі түн бойы бесікте тербетуге шықты. Емізікпен сүт беріп үйретті. Атын Ерген қойды. Аяғын бірден тәй-тәй басатын халға жетті. Қайрош пен Ерген екеуі бірге ойнайды. Таңның атқанын, күннің батқанын білмей өмір қызығы думанмен өтіп жатты.

Баяғы Донбастағы шахтер Мырзаш ата егде тартып қалды. Қайрошы есейіп, соңынан Ергенді ертіп жүріп өсірді. Мырзаш Балайыммен өткен әрбір күнді еске алып, намазын жібермей, дұғасын оқып, сүйікті жарының дүниеден өткен күнін құр жібермей, құран оқумен ғұмыр кешті. Жас ұлғайды. Алла ажалға сабыр берсе, келер жылы пайғамбар жасына аяқ салғалы тұр. Әр нәрсе, ойына келеді. «Ендігі жерде қос құлынмен ғұмыр кешемін» деп іштен күбірлейді. Осылар ержетеді, үйленеді деп өзін-өзі қайраттандырады, жұбатады.

Бір күні інісі Әділбай келді.

– Аға, сізді үйлендіремін!

– Айта көрме, қарағым. Алпыстан асқанда маған үйлену неге керек!

– Үйлендіремін, аға. Күйеуі көлік апатынан қайтыс болған Сердәлінің қызы Сарабала бір қызымен отырып қалды. Жас емес. Сөйлестім. Кет әрі емес.

– Қой, шырағым!

– Үйлендіремін, аға!

Әділбай ақыры ағасы Мырзашты көндіріп, Сарабаламен қосты.

О, құдірет! Мырзаш ата Сарабаламен отау құрып, сексен сегіз жасында дүниеден өтті. Бес бала көріп кетті.

Баяғы ырым еткен Балайымның бауырына салған Қайрош, Ергендер, одан соң Сарабаламен өрбіген Мырзаш атаның шаңырағы қазір оншақты үй. Бірі – қалада, бірі – ауылда олар да үрім-бұтақ жайған, бейне бір орманға айналғанын біз көріп жүрміз. Көзкөргендер, біздер «баяғы Балайым келіннің ырымы-ай» деп тамсана, таңырқай еске түсіреді.

Иә, «Балайым келіннің ырымы-ай» дей береміз. Асылы, ырым жақсылыққа бастайтын жол екенін бұрынғылар қалай білген. Шіркін, баяғының ырымшыл келіндері-ай?!

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
ардагер журналист.
Қызылорда қаласы.

АБАЙ – 175

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Сыр бойы» газеті ақын-жазушылардың, белгілі тұлғалардың хәкімге арнаулары мен лебіздерін жариялай бастаған болатын. Бүгін Сыр шайырларының бірі, ақын Шораяқтың Омары жазған «Қазақта ондай ақын қайдан болсын?!» атты өлеңін ұсынамыз.

Қазақта ондай ақын қайдан болсын?!

Абайдың оқыған мен өлең сөзін,
Сол кезде пайда болған
маған сезім.
«Іші – алтын, сырты – күміс
сөз жақсысын»,
О, дарих! Ескермепті
албырт кезім.
Ақынның қасіретіне
ортақ болып,
Етер ем қайғысына қатаң төзім.
Не пайда, мезгілінен
кейін қалып,
Арманда «көрмедім» деп,
екі көзім.
Қазақта ондай ақын
қайдан болсын,
Ақылдың аңдап білер
алтын, жезін.
«Қалай да содан тәлім
алам ба» деп,
Тездеймін ертелі-кеш
өзімді өзім.

Шораяқтың Омары.

ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

Менің атым – Қалдош

Кейде өзімді Қожа секілді елестететемін. Кәдімгі «Менің атым – Қожадағы» 5-сыныпта оқитын, досы «қара Көже» деп атайтын Қожаберген ше... Мен қазір 7-сыныптамын. Менің де сабақ үлгерімім жақсы болғанымен шәлкестеу мінезім баршылық. Қожа сияқты мұғалімнің сөмкесіне бақа салмасам да, анда-санда қыздардың шашынан тартқылап қоятыным бар. Бірақ менің құжат бойынша есімім – Бауыржан. Олай тек ұстаздарым мен сыныптастарым ғана атайды. Ал үйдегілер мен туыстарым, көрші-көлем үшін мен Қалдошпын.

Неге дейсіз бе?.. Сәби кезімде менде тостағандай қоңыр қошқыл қалым болған. Бір емес, екеу тіпті. Бірі – тас төбемде, екіншісі сол қолымның шынтақ тұсында. Сөйтіп, менің ырымдап қойылған екінші есімім Қалдош болыпты. Бірақ келе-келе қалдарым жойылып, қазір ізі де қалмаған. Тек суреттерден ғана көруге болады. Ал Қалдош деген атым маған мәңгіге енші болып қалды.

Бастауышты әлдеқашан бітірсем де, біреу-міреу Қалдош деп атай қалса, еркелеп кетуге дайын тұрамын. Қожадан бір ерекшелігім – осы есімімді жақсы көремін. Адамға куәлік бергенде неге негізгі есімі, екінші есімі деп бөлек-бөлек жазылмайды екен?

Менің мінезім де есімдеріме байланысты сияқты. Мектепте Бауыржан батыр секілді байсалды да тәртіпті болып жүрем де, үйде және көшеде Қалдош болып кетемін. Әлі де балалығымшалалығым шығар... Соның пайдасы да болар – ережесіз жекпе-жек жарыстарынан жүлделі орындарға қол жеткізіп жүрмін.

Қожа секілді мен де кейде өзімді сұрақ-жауаптың астына алып қияли болып кете жаздаймын. Құпия жиналыстарымның қорытындысы біреу-ақ: Бауыржан болсам да, Қалдош болсам да, ең бастысы, ата-анам мен мектебім мақтанатындай жақсы азамат болып өсуім керек!

Көкжиектен не көрінеді?

Біздің ауылда тау да, төбе де жоқ. Тегіс дала ғой. Тіпті тал да сирек. Екі-үш оқып жүргенімде алысқа көз тігіп, көкжиектің артында не бар екен деп ойлайтынмын.

Ал қазір білемін (бақандай жетіншіде оқимын ғой). Көкжиектің арғы жағында басқа ауылдар, қалалар, одан да алысырақ жүрсең басқа мемлекеттер бар. Барлық ауылдар да, қалалар да, мемлекеттер мен құрлықтар, мұхиттар мен таулар да бір ғана жер шарында орналасқанын да білемін.

Ендігі ойым «Жердің сыртында не бар екен?» дегенге ауысты. Әрине, жер де өзге жеті ғаламшар секілді күнді айналып жүретінінен хабардармын. Мектепте ұстаздарымыз оқыткан. Сонда күн жүйесінің сыртында не бар, біздің галактикамызда, тіпті одан да тыс жерлерде не бар?

Мәссаған, осыны ойлаудың өзі басымды ауыртып жіберді. Не деген ауыр ойлар. Ғалымдардың бастары қалай жарылып кетпей жүр екен?

Одан да ойымды өзгертейін. Сыртында емес, ішінде не бар деп ойлап көрейінші. Мысалы, көз ұшындағы көкжиектің сыртында емес, ішінде не бар, яғни, өз ауылымда не бар, кімдер бар? Қала деп ресми аталса да, ауылым деп атап кеткен өзімнің туған мекенімде көрікті де көркем жерлер көп екен ғой. Атағы жер жарған азаматтар да жеткілікті екен. Тіпті өзімнің сүйікті мектебімнен қаншама ұлы тұлғалар түлеп ұшқан екен кезінде.

Байқап қарасам, ауылым жылдан-жылға қарыштап дамып, өсіп-өркендеп келеді. Бұл – енді үлкендерден естігенім. Олар шындықты айтады ғой. Көріп, куә болып та жүрміз.

Тіпті өз үйімнің ішінде де мені жақсы көретін, бұл ғаламда мен үшін ең қымбат жандар бар екен. Мұны ұға алғаныма шүкір. Өмір көкжиегінің сыртын тану үшін алдымен ішіндегі құндылықтарды біліп алу маңызды екенін түсіндім.

Бауыржан БЕКЕНҰЛЫ,
№13 орта мектеп
оқушысы.
Арал қаласы.

Басылымдар жүлдесін басқарма жеңіп алды

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

Облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінің 90 жылдық мерекесіне орай БАҚ өкілдері арасында шағын футболдан жарыс өтті. Ала доп бәсекесіне 7 команда қатысып, жүлделерді сарапқа салды.

Мерейтой қарсаңында өткен спорттық шарада облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов сөз сөйлеп, жарысқа түсетін командаларға сәттілік тіледі.

– Биыл Сыр елінің ғасырға жуық тарихының куәгері – облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординский вести» газеттеріне 90 жыл. Облыс шежіресі атанып, аймақ жылнамашысы болған қос газеттің атаулы мерекесі оқырмандар үшін де мәртебе. Газеттің қай бетін ашып қалсаңыз да, әрбір саланың жетістіктері, рухани жаңғыру, өңірдің өркендеуі жайлы мақалаларды оқып, Сыр өңірінің даму тарихынан үзбей хабар алып отырамыз.

«Сыр медиа» ЖШС ұйымдастыруымен облыстық танымдық-саяси басылымдардың қатар келген мерейтойына орай алғаш рет өткелі тұрған шағын футбол жарысында барлық командаға сәттілік тілеймін, – деді басқарма басшысы.

Мұнан соң «Сыр бойы» газетінің ардагері Жұматәлі Әбдіраман басылымдардың өңірдегі өзіндік келбеті жайлы әңгімелеп, тарихқа шолу жасады.

– Бүгінгі қос басылым – алдына қоятын нақты жоспарлары бар өміршең газеттер. Редакцияда айдарлар тізімі бойынша күнделікті жұмыс атқарылып отырады. Көп жылдық тарихында бірнеше буынды тәрбиелеуге атсалысып, облыстық деңгейде алдыңғы қатарда өз уақытында идеологияның басты құралы болып келеді, – деді ардагер журналист.

Төреші ысқырығы естілгенде, алаңға бірінші болып «Сыр медиа» құрамасы мен «Qyzylorda» телеарнасының командасы шықты. Жарысты БАҚ өкілдерінен бөлек, жанкүйерлер де тамашалады.

Спорттық шара қорытындысында облыстық ішкі саясат басқармасы қызметкерлерінен құралған команда топ жарып, I орын иеленді. Ал II орынды облыстық «Qyzylorda» телеарнасы, III орынды аудандық «Жаңақорған тынысы» газеті ұжымынан құрылған футбол командасы еншіледі. Ал арнайы ынталандыру сыйлығына «Сыр медиа» командасы ие болды. Жүлдегерлерді «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев құттықтап, арнайы кубок пен грамота және қаржылай сыйлық табыстады.

Сонымен қатар, «Үздік қорғаушы» номинациясымен «Хабар» телеарнасының облыстағы меншікті тілшісі Нұрлан Жақыпбеков марапатталса, қалалық «Қоғам» телеарнасының операторы Дастан Ахметов «Үздік ойыншы» атанды. Сондай-ақ, «Жас тілшілер» командасының ойыншысы, «Ұстаз мәртебесі» газетінің тілшісі Айдос Мырзалы «Үздік шабуылшы» жүлдесіне лайық деп танылды. Үздік атанғандар серіктестік атынан арнайы грамота мен қаржылай сыйлық алды.

Айта кету керек, 90 жылдық мерейтой қарсаңына ұжым қызметкерлері аудан мен ауылдағы оқырмандармен кездесіп, газет тарихынан көп естеліктерді жарыққа шығарды. Қос басылымда тер төккен ардагерлерін ардақтап, сұхбаттар ұйымдастырылды. Жуырда ғана газетте қалам тербеген зейнеткерлер арасында дойбыдан жарыс өтіп, үздік шыққан ардагер журналистер марапатталған болатын.

Е.БЕКМЫРЗАҰЛЫ,
«Сыр бойы».

Текті сөздің төресі – терме

Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің қолдауымен, «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының ұйымдастыруымен «Текті сөздің төресі – терме» атты республикалық байқауы Сыр елінде өтті. Жыр додасында еліміздің әр өңірінен іріктелген 13 жыршы-термеші бақ сынады.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Байқауды Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, одақ төрағасы, ақын Жүрсін Ерман және облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Маханов ашып, рухани тағылым-тәлімі мол шараның жас ұрпаққа өмірлік өнегесі мен ғибраты мол екенін атап өтті.

Жыр байқауы Сүгір жырау Бегендіқұлының 125 жылдығына және Жастар жылына арналды. Өнер бәсекесін әйгілі Нартай мектебінің шәкірті Мұхамедәлі Бекпейісов бастады. Арқаның арқа қоздыратын асқақ үнді мақамы, батыстың желе жортқан төкпе жырлары, Сырдың тереңнен тыныс алатын сыршыл да сазды мақамдары өзіндік ерекшеліктерімен тыңдарман қауымды тәнті етті.

Қазақстанның халық артисі, дәстүрлі әнші Қажыбек Бекбосынов, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері, ақын Бекарыс Шойбеков бастаған қазылар алқасы қазыналы жиынның төрелігін айтып, бағасын берді. Айта кетейік, байқау барысында тақырыптың өзектілігі, мазмұн тереңдігі, орындау шеберлігі және тіл тазалығының сақталуына баса мән берілді.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені Алматы облысынан Ербол Қуанбек, I орынды Шымкент облысынан Айдана Шынболат, II орынды қызылордалық Мұхамедәлі Бекпейісов пен көкшетаулық Таңнұр Әлболсын иеленсе, III орынды алматылық Гүлбағым Қайыржанова мен Павлодар облысынан Салтанат Қисатова бөлісті.

Жыр додасының жүйріктеріне Мәдениет министрлігінің дипломдары мен қаржылай сыйлықтар табыс етілді.

Саз бен әуен сиқыры

А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Сыр бойының төлтума өнерін, ұлттық фольклорын, ұлт өнерін әлемдік сахналарға көтеріп, көрермен көзайымына айналған Қызылорда облыстық филармониясының «Ақмешіт» фольклорлық ансамблінің құрылғанына 10 жыл толуына орай концерт өтті.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Шарада ансамбль тыңдарманын түрлі жанрдағы музыкалық шығармалармен сусындатты. Кеш барысында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова ұжымды құттықтап, аймақ басшысының алғыс хатын табыс етті.

Шынында, өнер иелерінің қәсібилігін көре тұра, өлшеусіз еңбекті елемей кету мүмкін емес. Олардың теңдессіз шеберлігіне қарап, біз де тамсандық. Ансамбль осыдан он жыл бұрын ұлттық фольклорды насихаттау мақсатында құрылған. Репертуары ауқымды. Бүгінде оның құрамында 13 өнерпаз бар. Олар облыс көлемінде өткізілетін облыстық, республикалық, халықаралық мәдени шараларға атсалысып келеді. Сонымен бірге түрлі байқау, конкурстарға қатысып, үздіксіз ізденіс арқасында топ жарып жүр. Атап айтатын болсақ, ұжым Алматы қаласында өткен республикалық «Ғасырлар сазы» дәстүрлі музыкалық фестивалінде дипломант атанған. Аймақта ұйымдастырылған халықаралық «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» фольклорлық-музыкалық өнер фестивалінде «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымы мен облыс әкімінің арнайы сертификатын иеленген. Биыл Ақтөбе қаласының 150 жылдығы және Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның 75 жылдығына орай өткен «Jubanovtar ayeni» халықаралық ұлт аспаптар оркестрлері және ансамбльдердің фестиваль-байқауынан бас жүлде алды.

Бұдан басқа да жетістігі көп. Қуантарлығы, соңғы жылдары ансамбль Өзбекстан, Ресей, Түркия, Лондон елдерінде гастрольдік сапармен болып, төл өнеріміздің паш етті. Бұл қазақ мәдениетінің асқақтағанын көрсетеді.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат инистрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып,
“Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 29584 Тапсырыс №1768 | Кезекші редактор **Назерке САНИЯЗОВА.**